



## АБАЙЛАҢЫЗ, АЛАЯҚ!

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Мәжбүрлеп орындату комитеті азаматтарға ескерту жасады.

Комитет өкілдері атап өткендей алаяқтардың соңғы кезде Әділет министрлігінің эмблемасын заңсыз пайдаланғаны байқалған. Құқық бұзушылар министрлік эмблемасын көрсетіп, азаматтарға өздерін сот орындаушылары ретінде таныстырған.

Мұндағы мақсат не? Тәжірибеде орын алған жағдайларда байқалғандай алаяқтар өзін сот орындаушы деп таныстырып қоймай, азаматтарды есепшотын бұғаттаймын, мүлкіңе тыйым саламын немесе шоттарыңды жабамын деп қорқытып, «берешекті» шұғыл түрде өтеуді талап етеді. Мұндай айла-тәсілдерге сеніп қалып, алаяқтарға алданғандар да жоқ емес. Соған орай Әділет министрлігі азаматтарға әрбір ақпаратты тексеріп барып, әрекет жасау қажеттігін ескертіп отыр. Ол үшін кез келген азамат өзіне қатысты атқарушылық іс жүргізудің бар-жоғын <https://aisoip.adilet.gov.kz> сайтынан тексеріп алғаны абзал. Сондай-ақ, «Борышкерлер мен тыйым салулар тізілімі» немесе «Атқарушылық құжатты іздеу» бөлімінде; жеке ЭЦҚ-ны пайдалана отырып «Тараптар кабинеті» арқылы авторизация жасау арқылы; «Азаматтарға арналған» бөлімдегі байланыс деректері арқылы сот орындаушысына тікелей қоңырау шалып, күмәнді қоңыраудың рас-өтірігін өз бетінше тексере алады. Сондай-ақ, сенімді ақпаратқа «Adilet» мобильді қосымшасы арқылы да қол жеткізуге болады.

Ақпарат қызығушылық тудырған жағдайда қосымша деректерді Әділет министрлігінің және Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасының ресми сайттарынан алуға болады. Заңсыз әрекеттердің алдын алу үшін Комитет тек ресми дереккөздерге ғана сенуді және дербес деректерді үшінші тұлғаларға және күмәнді интернет-ресурстарға бермеуді ескертеді.

Сондай-ақ, құқықтық кеңесті 119 нөмірі бойынша Call-орталықтан (Құқықтық ақпарат қызметі, Қазақстан бойынша стационарлық телефондардан қоңырау шалу арқылы), сондай-ақ 119 Kenesbot телеграм-арнасы немесе «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінің сайтындағы «Виртуалды кеңесші» айдары арқылы (<http://adilet.zan.kz/rus>) алуға болады.

**А.ҚҰРМАНҒАЛИ,**  
«Заң газеті»

## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# БЕЙБІТШІЛІК ЕЛШІЛЕРІНЕ СЕНІМ ЗОР



Қазақстандағы бейбітшілік пен дінаралық келісімнің символы – Астана қаласында әлемнің төрт бұрышынан келген дін өкілдері тағы да бір үстел басына жиналды. Яғни, әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезі өтті. «Діндер диалогы: болашақ жолындағы синергия» деген тақырып аясында ұйымдастырылған алқалы жиынға шамамен 60 елден 100-ден астам делегация, рухани жетекшілер, халықаралық ұйымдар мен дінтанушылар қатысты.

(Жалғасы 3-бетте)

## ТҰЛҒА

# АМАНАТҚА АДАЛ БОЛҒАН АЗАМАТ

Ертеректе аузы дуалы қадірменді қарияларымыздың әлдекімге қатты разы болып сүйсінгенде, ақ батасын жаудырып: «Екі дүниенің бағын бұйыртысын жаратқан иеміз», «Алла тағала екі дүниенің абыройына бөлесін!» – десіп жатқанда, сол лебіздердің астарына үңіле бермейсіз. Бұл сөздің мағынасы біздің балаң түсінігіміз үшін бұлыңғыр болатын. Келе-келе бұл сөздің мән-мағынасына бойласақ, екі дүниенің абыройына бөлену – әркімдердің маңдайына жазыла бермейтін, екі аяқты пенденің таңдаулысына бұйырар бақ екен. Дана халқымыз өзінің сүйген перзентіне осы жарық дүниедегі тірліктің де, дүниеден өткеннен кейінгі бақилық екінші ғұмырдың да бақыты мен абыройын тілейтінін саналы шақта ұға бастадық.

Таяуда Ақтөбе қаласындағы басты көшенің біріне сот жүйесінің ардагері, ардақты заңгер Иран Әміров есімінің берілуіне байланысты өткен іс-шараға қатысты. Осы жиын барысында қадірменді қарияларымыздың «Екі дүниенің бағын бұйыртысын» деген жылы лебізі тағы ойыма оралды. Расында көзі тірісінде заң

саласында зор биіктерге көтеріліп, жемісті еңбек еткен, халқының қалауымен Сенат депутаттығына сайланған мәртебелі заңгеріміздің, өмірден озғанына он жылдан астам уақыт өтсе де, есімінің халық жадында сақталып, жаңғыруы, Ақтөбедей үлкен қаланың көрнекті көшесіне атының берілуі аузы дуалы



қариялар сөзінің дәл екенін дәлелдейді.

Оның үстіне, арғы-бергі тарихтан білетініміздей, заң мен сот ардагері-

лерінің құрметіне көше аты берілуі сирек құбылыс. Жүрегімізді қозғап, толқытқан осы бір іс-шарадан көкейімізге көп ұлағат түйіп оралдық. Ең алдымен санамызға жарқ еткен ой: қалай мақтансақ та жарасатындай, ұлыларын ұлықтай, асылдарын ардақтай білетін аса тағылымды жұрт екенімізге көзіміз жетіп, көңіл құсы көкке шарықтай түсті.

Олай дейтінім, бүгінгі өз ісіне адал берілген, заң мен сот ісін үлкен жауапкершілікпен атқарған мәртебелі заңгерлеріміз өткен дәуірлерде халқымыздың көсегесін көгерткен, елдігіміздің керегесін кеңейтіп, ордасы жұрт қатарына қосылуға өлшеусіз үлестерін қосқан, құлашымызды кеңге жайып, мемлекеттік деңгейге көтере білген қасиетті билеріміздің ізбасарлары екендігі сөзсіз.

(Жалғасы 5-бетте)

2-бет



**Жасоспірімдерге қарсы  
қылмыста жаза ауыр**

3-бет



**Ұлт мұрасын  
қорғау ісі жанданбақ**

8-бет



**РЕЦЕПТ**

**САРАП**

# ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТА ЖАЗА АУЫР

Мемлекет басшысы әйел құқығы мен бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне арналған заңға қол қойғаннан кейін тұрмыстағы зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті қатаңдататын, сондай-ақ отбасы институтын, кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін нығайтатын нормалар енгізілді. Оның бірі – «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру» және «Ұру» баптары Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстен алынып, Қылмыстық кодекске енгізілді.

*16 жасқа толмаған адамдарға жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Осы нормалар қабылданғанға дейін мұндай жауапкершілік 14 жасқа толмағандарға тиіскені үшін ғана қарастырылған. Ол үшін 200 АЕК-ке дейін айыппұл, түзету жұмыстары немесе 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстар не 50 тәулікке дейін қамауға алу көзделген. Сонымен қатар, айыпталушы белгілі бір лауазымдарды атқару және 3 жылға дейін белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырылуы мүмкін.*

Дәлірек айтқанда, Қылмыстық кодекстің «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру» деген жаңа 108-1-баппен толықты. Мұндай қылмысқа барғандар 200 АЕК-ке дейін айыппұл төлейді не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тартылады, не 50 тәулікке қамауға алынады.

Өз кезегінде, құқықбұзушылықтарды ауырлататын екінші бөлік пайда болды, заң әрпімен айтқанда – сараптаушы белгілермен толықтырылды. Мысалы, көрінеу кәмелетке толмаған адамның денсаулығына қасақана жеңіл зиян келтірілсе, айыппұл мөлшері 200 айлық көрсеткішке дейін емес, мың АЕК болды. Құқық бұзушының тұлғасына қарай сот айыппұл немесе түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамау, бас бостандығын шектеу не бас бостандығынан айыруды тағайындауы мүмкін.

Ал жаңа 109-1-бап «Ұрып-соғу» деп аталады. Яғни, «тән ауруына ұшыратқан, бірақ денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге алып келмеген ұрып-соғу немесе өзге де зорлық-зомбылық әрекеттерін жасау». Бұл қылмыстың жазасы – 80 АЕК-ке дейін айыппұл не сол мөлшерде

түзеу жұмыстары, не 80 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту, не 25 тәулікке дейін қамауға алуды көздейді. Осылайша, тіпті ең жеңіл түрде соққы жасаған адамның өзі ұзақ мерзімге қамауға алынады.

Бұл баптарды Қылмыстық кодекске көшірудегі басты мақсат – ұрып-соғу, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру, оның ішінде кәмелетке толмағандар мен «кінәлі адамға материалдық жағынан немесе өзгеше түрде тәуелді» адамдарға қатысты жасалған зорлық-зомбылық әрекеттері үшін жазаны күшейту. Заң нормалары қолданысқа енгізілген 2024 жылы Ақтөбе облысында ҚК-нің 108-1-бабымен «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру бойынша 17 тұлға, 2025 жылдың 6 айында 18 тұлға қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Ал, 109-1-бап «Ұрып-соғу» бойынша 2024 жылы 44 тұлға, 2025 жылдың 6 айында 26 тұлға қылмыстық жауапкершілікке тартылған.

Сонымен қатар, балаларға қарсы зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қатысты жауапкершілік едәуір күшейді. Қылмыстық кодексте кәмелетке толмағандарға қарсы денсаулыққа зиян келтіруден бастап ұрлау мен өлтіруге дейінгі қылмыстардың тізбесі жүйеленген

және нақты анықталған. Мұндай әрекеттерді жасаған адамдар татуласуға байланысты қылмыстық жауапкершіліктен босатыла алмайды. Атап айтқанда: Кәмелетке толмағандарды өлтіргені, зорлағаны, кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері үшін өмір бойына бас бостандығынан айыру түріндегі ең ауыр жаза қарастырылған. Балаларды ұрлағаны үшін бұдан былай 10 жылдан 15 жылға дейін (бұрын 7 жылдан 12 жылға дейін), ал заңсыз бас бостандық бостандығынан айырғаны үшін – 5 жылдан 10 жылға дейін (бұрын 5 жылға дейін) бас бостандығынан айыру қарастырылған.

16 жасқа толмаған адамдарға сипаттағы зорлық-зомбылық жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Осы нормалар қабылданғанға дейін мұндай жауапкершілік 14 жасқа толмағандарға тиіскені үшін ғана қарастырылған. Ол үшін 200 АЕК-ке дейін айыппұл, түзету жұмыстары немесе 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстар не 50 тәулікке дейін қамауға алу көзделген. Сонымен қатар, айыпталушы белгілі бір лауазымдарды атқару және 3 жылға дейін белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырылуы мүмкін. Балаларды ұрлағаны үшін 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру (бұрын 7 жылдан 12 жылға дейін), ал заңсыз бас бостандығынан айыру үшін – 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру (бұрын 5 жылға дейін) көзделген.

Бұл баптардың енгізілуіне қоғамда жиі тіркелетін заңсыз әрекеттер себепші болды. Қоғамдық көліктерде, көпкөптерілі үйлерде балаларға, оның ішінде қыз балаларға жасалатын жыныстық сипаттағы ұсыныстармен немесе жыныстық сипаттағы жанасулармен ұштасқан әдепсіз әрекеттер үшін көп жағдайда қылмыс құрамы болмауына байланысты, жауаптылыққа тарту мүмкін болмай жатады. Осы себептен, аталған әрекеттер үшін де жауаптылық енгізілген.

**Н.АЛИМБЕКОВ,**  
Байғанин аудандық сотының судьясы  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

**ЖОЛДАУДЫ ҚОЛДАУ**

# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

2025 жылдың 8 қыркүйегінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты жолдауын жариялады.

Жолдауда «азаматтардың сана-сезімі, болмысы өзгеріп, соның арқасында халқымыздың мемлекеттік институттарға, заңға және әділдік пен тәртіпке деген сенімі нығаюда. Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек. Біз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу арқылы экономиканы жаңғыртуымыз қажет. Ол үшін ең алдымен, Цифрлық кодексті тезірек қабылдаған жөн. Бұл заңда цифрландыру үрдісінің негізгі бағыттары,



соның ішінде жасанды интеллект, платформалық экономика, үлкен дерекқорларды пайдалану және басқа да мәселелер айқындалуға тиіс» екені айтылды.

Қоғамда құқықтық мәдениет пен құқықтық сауаттылықты арттыру қажет, ол үшін білім беру жүйесінде, медиада заң мен сот процесінің маңызды рөлін түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізе отырып, халық арасында құқықтық білім беру бағдарламаларын көбейту қажет.

Электронды технологияларды енгізу арқылы сот жұмыстарын

цифрландыру, яғни өтініштерді онлайн қабылдау, іс жүргізуді электронды түрде жүргізу, сот процесстерін трансляциялау, шешімдердің электронды нұсқасын қамтамасыз ету – сот үрдісінің ашықтығын арттырды.

Сот судьялардың тәуелсіз жұмыс істеуіне құқықтық тұрғыдан кепілдік беріп, салада заманауи технологияның қолданылуы істердің жедел, артық шығынсыз қаралып, судьялар мен мамандардың, қарапайым халықтың уақытын үнемдеуге ықпалын тигізері сөзсіз.

Қорыта айтқанда, сот жүйесіне деген қоғам сенімін орнықтыру – жай ғана шаралар жиынтығы емес, үздіксіз реформа мен мәдени өзгеріс. Қазақстанды кейінгі ұрпақ үшін бұдан да өсіп-өркендеген елге айналдыруға барлығымыз да өз үлесімізді қосуға тиіспіз. Сондықтан, жолдауда көрсетілген тапсырма-міндеттерді жұрт болып жұмылып, жүзеге асыру қажет деп білемін.

**Бибігүл ДЕМЕНОВА,**  
Ақтау қаласы мамандандырылған тергеу соты әкімшісінің басшысы

**ПАЙЫМ**

Қазақстан Республикасында сот билігі – мемлекеттік биліктің негізгі тармақтарының бірі болып табылады. Сот шешімдері адамдардың тағдырына тікелей әсер етеді, сондықтан судьялардың мінез-құлқы ең жоғары стандарттарға сәйкес болуы тиіс. Судья әдебі – тек кәсіби қызметте ғана емес, күнделікті өмірде де судьяның абыройы мен беделін айқындайтын құндылықтар жиынтығы.

# ҚОҒАМДЫҚ СЕНІМ – СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ БАСТЫ КАПИТАЛЫ



**М.МАЛИКОВ,**  
Батыс Қазақстан облыстық сотының судьясы  
Судьялық әдеп жөніндегі комиссия мүшесі

Қазақстандық судьялардың басым көпшілігі Әдеп кодексінің талаптарын қатаң сақтап, жоғары жауапкершілік танытады. Судьялардың құқықтық мәдениетін арттыру мақсатында жүйелі түрде семинарлар, тренингтер және кеңестер өткізіледі. Соның нәтижесінде соңғы жылдары судьяларға қатысты шағымдар азайып, сот процестерінің ашықтығы артып, сот талқылауының мәдениеті күшейе түсті.

Дегенмен, сот жүйесінде проблемалар да бар. Мәселен, судьяның сот отырысында дәрекі мінез-құлқы танытуы; істерді қараудың созылып кетуі бұл қоғамның сенімін әлсіретеді. Мұндай жағдайлар қараусыз қалмайды. Этикалық бұзушылықтар әрдайым сыбайлас жемқорлықпен байланысты бола бермейді, бірақ олардың өзі соттың беделіне үлкен зиян тигізуі мүмкін.

Судья әдебі тәуелсіздік және сотқа кез келген қысым жасауға жол бермеу; бейтараптық, яғни алдын ала пікір немесе жеке мүдделіліктің болмауы; адалдық пен парасаттылық – судья мәртебесінің іргетасы; процеске қатысушыларға құрметпен қарау және тараптарға тең жағдай жасау; жоғары кәсібилік пен мәдениет; судьяның парақорлықтан, жеке бас мүддесінен аулақ болып, әділеттілікті бірінші орынға қоюы; сот отырысында тараптармен қарым-қатынаста ұстамдылық танытып, сөз бен ісінде сыпайылық көрсету секілді қағидаларға негізделген. Кодекс судьялардың тек қызметтік қана емес, жеке өміріне де қатысты, себебі олардың кез келген әрекеті сот жүйесінің беделіне нұқсан келтірмеуі тиіс.

Судья әдебі – бұл тек ішкі тәртіп қана емес, сонымен қатар сот билігінің қоғам алдындағы бейнесі. Азаматтар сотты тек шығарылған шешімдер бойынша ғана емес, сонымен бірге судьялардың мінез-құлқы, процеске қатысушыларға деген құрметі, қиын жағдайларда өзін-өзі ұстай білуі арқылы да бағалайды. Қоғамдық сенім – сот жүйесінің басты капиталы. Оны жоғалту оңай, ал қалпына келтіру өте қиын.

Сондықтан судья әдебі кодексінің нормаларын сақтау – Қазақстандағы әділ әрі тәуелсіз сот төрелігінің кепілі. Этиканы берік ұстанған судья ғана қоғамның сот билігіне деген сенімін нығайтып, демократиялық институттардың дамуына үлес қоса алады.

**МЕЖЕ**

# ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ДӘРІПТЕУ БІР КҮНМЕН ШЕКТЕЛМЕУІ КЕРЕК

Тіл – кез келген ұлттың мәдениеті, тарихы және болмысы. Ана тілі – біздің кім екенімізді, қайдан шыққанымызды айқындайтын ең маңызды құндылық. Оны дамыту, сақтау және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу – әрбір азаматтың қасиетті міндеті.

Соңғы жылдары қазақ тілін дамыту бағытында көптеген жұмыстар атқарылуда, алайда бұл үдеріс үздіксіз назарды және қолдауды қажет етеді. Тілді дамыту бірнеше кешенді бағыттарды қамтиды. Ең алдымен, тілдің қолданылу аясын кеңейту керек. Мемлекеттік органдарда, іскерлік ортада, ғылым мен білім саласында қазақ тілінің қолданылуы толыққанды болуы тиіс. Бұл тек қағаз жүзіндегі талап емес, нақты іс-әрекеттер арқылы іске асатын процесс.

Екіншіден, сапалы контент жасау өте маңызды. Телеарналар, радио, интернет-ресурстар және әлеуметтік желілерде қазақ тіліндегі тартымды әрі танымдық материалдар көбейген сайын, тілге деген қызығушылық артады. Бұл бағытта жастардың әдеби тілді көбірек қолдануына ықпал ететін жобалар мен бастамалар қолға алынуы керек.

Үшіншіден, білім беру жүйесіндегі рөл. Балабақшадан бастап жоғары оқу орындарына дейін қазақ тілінде сапалы білім беруге басымдық беру – ана тілінің болашағы үшін ең негізгі қадам.

Ана тілін дамыту – тек мемлекеттік саясаттың ғана емес, әрбір адамның жеке жауапкершілігі. Отбасындағы тілге деген құрмет – оның болашақтағы дамуының негізі. Бұған қоса, кітап оқу және жазу дағдыларын дамыту да өте маңызды. Қазіргі заманда көпшілік цифрлық кеңістікке ауысқанымен, қазақ әдебиетінің бай мұрасымен танысу, классикалық шығармаларды оқу арқылы сөздік қорды молайтуға болады. Күнделікті өмірде әдеби тілді қолдануға тырысу, қажет



**Абзал БАЛАБЕКОВ,**  
Көкшетау қаласы мамандандырылған тергеу сотының судьясы

болса, сөздіктерді пайдалану – тіл мәдениетін көтеретін қарапайым әрі тиімді әдіс.

Қазақ тілінің дамуы – ұлттың өркендеуімен тығыз байланысты. Әлемдік аренада өз орнын ойып тұрып алатын Қазақстан үшін тілдің мәртебесін көтеру – стратегиялық маңызы бар міндет. Ақпараттық технологиялар дәуірінде тілді заман талабына сай бейімдеу, цифрлық терминологияны қазақшаға аудару және оны кеңінен қолдану қажет.

Қорытындылай келе, ана тілін дамыту – бұл бір сәттік науқан емес, үздіксіз еңбек пен табандылықты қажет ететін ұзақ мерзімді процесс. Әрбір қазақстандықтың жүрегінде ана тіліне деген махаббат пен құрмет болса, біздің тіліміздің болашағы жарқын болады. Себебі, ана тілі – ұлттың тамыры, ол дамыса, ұлт та дамиды.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# БЕЙБІТШІЛІК ЕЛШІЛЕРІНЕ СЕНІМ ЗОР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Съездің жалпы отырысы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өтті. Алқалы жиынды ашқан Мемлекет басшысы өз сөзінде ХХІ ғасырда адамзаттың бірігуіндегі діндердің рөлі, жасанды интеллект дәуіріндегі рухани құндылықтардың мәні, діни институттардың тұрақты даму мен экстремизмге қарсы тұрудағы бейбітшілік әлеуетіне айрықша тоқталды. Діндер көшбасшылары съезінің рухани дипломатияға зор ықпалын ерекше атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, съезд қызметін бастаған сәттен бері қазіргі заман сын-қатерлерін ашық талқылайтын бірегей алаң болып келе жатыр. Қазір жер жүзінде сын қатерлер көбейіп, соғыстардың сыр-сипаты өзгеріп тұрған уақытта өткеннен дұрыс сабақ алып, сындарлы келіссөздерге ұмтылудың маңызы зор. Осы орайда гуманистік көзқарасты ту өткен дін басшыларының бейбітшілік елшілері бола алатынына сенімін жеткізді. Бұл ойын Мемлекет басшысы:

– Дүниежүзінің әртүрлі аймағында жүріп жатқан гибридіт соғыстардың майдан шебі айқын емес. Алайда қисапсыз адам шығынына ұшыратып, толассыз босқындар нөпіріне түрткі болуда. Экономикаға орасан зор залал тигізіп отыр. Ядролық қақтығыс қаупі қатты алаңда-

тады. Сарапшылар зұлымдық пен мейірімділік тартысқа түсетін мұндай шешуші сәттің болу ықтималдығы соңғы он жылда күрт артқанын жиі айта бастады. Өкінішке қарай, әлемде конструктивті ұсыныстарды ортаға салып, саяси ұстамдылық танытудан гөрі өшпенділік өршіп, геосаяси жіктің арасы алшақтап, әлеуметтік шиеленіс одан сайын ұшығып барады. Менің ойымша, мұндай қилы кезеңде диалогқа шақыратын, бірін-бірі жатсынуды доғаруға үндейтін, халықаралық аренадағы өзара сенімді арттыратын басты амал ретінде конструктивті дипломатия алдыңғы орынға шығуы керек, – деп түйді.

Съезд барысында діндердің жаһандық қоғамдағы үйлестіруші рөлін күшейту, экстремизм мен радикализмге қарсы іс-әрекеттер, рухани мәдениет пен қасиетті мұраны сақтау – қолжазбалар, қасиетті кітаптар, көрмелер және тарихи артефактілер арқылы мәдени диалог құру, жаңа технологиялар мен инновацияның дінаралық диалогқа әсері – цифрландыру, жасанды интеллект, әлемдік рухани құндылықтардың виртуалды кеңістікте таралуы мәселелері кеңінен талқыланды. Сонымен қатар жастар арасындағы діни экстремизмнің алдын алу, діни білімнің сапасын жақсарту, әрі діни сауаттылықты көтеруге маңыз беріліп, нақты ұсыныстар айтылды.

Сарапшылардың айтуынша, съезге әртүрлі дін өкілдері диалог алаңында бір-бірінің сенімі мен құрметіне сүйене отырып қатысты. Бұл біздің қоғамымыздың тұрақтылығы үшін өте маңызды. Жалпы съездің ең үлкен жетістігі – діндер лидерлері мен конфессия өкілдерінің өзара түсіністігін арттыру, дінаралық шабуылдар мен жанжалдардың алдын алу жолдарын бірге қарастыруға ұмтылысы. Десе де кейбір сарапшылар форумның қағаздағы міндеттемелері орындалғанымен, жергілікті деңгейде, ауыл-аймақта, кішкентай қауымдастықтарда бұл диалогтың жемісін көру қиындай түседі деген ойды айтты. Олардың пікірінше, бұл олқылықты жою үшін діни зерттеулер мен дінаралық мәдениет саласында ғылыми негізді арттыру қажет. Сонымен қатар форумнан кейінгі ақпараттық және білім беру ісі мен қоғамдық дискурсты нығайту да маңызды. Жалпы форум рухани, мәдени және әлеуметтік көпірлерді қалыптастырып, мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді арттырады. Бірақ нақты нәтижеге қол жеткізу үшін декларациялық ұстанымдардан нақты іс-шараларға ауысу, жергілікті қауымдастықтардың үнін есту және цифрлық дәуір талабына сай білім мен ақпарат құралдарын дамыту керек.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,  
«Заң газеті»

ПАРЛАМЕНТ

## ҰЛТ МҰРАСЫН ҚОРҒАУ ІСІ ЖАНДАНБАҚ

Мұрағат саласы жаңа деңгейге көтерілу қажет. Бұл жөнінде Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында айтылды. Онда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне архив ісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бірінші оқылымда қаралған болатын. Заң жобасы депутаттардың бастамашылығымен дайындалды. Құжат архив құжаттарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану саласын құқықтық реттеуді кеңейтіп, электронды архив құруды көздейді.



Заң жобасын Мәжіліс депутаты Елнұр Бейсенбаев қорғады. Архив ісін реттейтін заңнама соңғы рет 1998 жылы қабылданыпты. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің қойып отырған жаңа талаптарын бұл құжат реттей алмайсы анық. Сондықтан қаралып отырған заң жобасының басты мақсаты – құжаттық тарихи-мәдени мұраның, оның ішінде электронды құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету. Осы орайда құжат архив саласындағы уәкілетті орган құзыретін кеңейтіп, архив қоры туралы заңнаманың қолданылу аясын ұлғайтады.

Жалпы 2019 жылы қабылданған 2020–2025 жылдарға арналған Архив бағдарламасы аясында өңірлік архивтерге жөндеу жүргізіліп, заманауи сканерлер, реставрациялық құрал-жабдықтар сатып алынып-

ты. Сонымен қатар шетелдік архивтерден тарихи құжаттар жинақтау бойынша экспедициялар ұйымдастырылып, 6 мыңнан астам құжат электронды нұсқада елге жеткізілген. Бүгінде 5 мыңнан астам ұйым мен 18 мыңға жуық пайдаланушы «Е-Архив» жүйесіне қосылған. 63 мыңнан астам қор бірлігі, 93 мың тізімдеме және 4 млн сақтау бірлігі цифрландырылды. Енді Президент тапсырмасына сәйкес, Ұлттық цифрлық архив құру да қолға алынбақ. Бұл ғылыми-зерттеу, мәдениет және білім саласына жаңа мүмкіндіктер береді. Енді жаңа заң аясында электронды архивті жүргізудің тәртібі, «Құжаттардың бірыңғай электрондық архиві» ақпараттық жүйесін өнеркәсіпті пайдалануға енгізу де заңмен реттелмек.

Сонымен қатар заң жобасында

бүгінгі таңдағы өзекті мәселе – архив қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шарасы да қамтылды. Қазіргі таңда ауыл-аймақтағы мамандардың орташа айлығы 100 мың теңге шамасында. Заң жобасында ауылдық жерлердегі архившілерге 25 пайыздық үстемеақы төлеу мүмкіндігі дәйектелді. Сонымен қатар, Алматыдағы Орталық мемлекеттік архив пен елордадағы Ұлттық архив қызметкерлерінің жалақысы 1,75 коэффициентке ұлғайып, 173 мың теңгеден 393 мың теңгеге дейін өседі. Бұл шара жас мамандарды тартуға да жол ашады.

Елнұр Бейсенбаевтың айтуынша, заң жобасы қабылданса, архив ісі саласында институционалды өзгерістер жасалады. Архивтердің материалдық-техникалық базасы нығайып, қызметкерлердің еңбек ақысы өседі. Сонымен қатар электронды архив жүйесі тарихи деректерді сақтап, болашақ ұрпаққа қолжетімді етеді. Бұл – мемлекеттің жады мен тарихи мұрасын қорғауға бағытталған маңызды қадам.

Депутаттар заң жобасын талқылау барысында бірнеше ұсыныс айтты. Соның бірі – жергілікті архивтердің «ұлттық» мәртебесін алу рәсімін жеңілдету. Олардың айтуынша, жергілікті архивтерге де мәртебе алу құқығы қарастырылғанымен, әзірге талапқа сай келетін тек Алматы қаласының мемлекеттік архиві ғана. Елімізде қазіргі таңда тек екі архив «ұлттық» мәртебесіне ие екен. Халықаралық тәжірибеде мұндай мәртебе материалдық-техникалық базаны нығайтуға, беделін арттыруға, жалақыны көбейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар халық қалаулылары тарапынан кадр тапшылығын шешу үшін жас мамандарға гранттар мен жеңілдіктер қарастыру, архив құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету үшін заманауи қоймалар салу, цифрландыру қарқынын арттыру және жасанды интеллектті кеңінен қолдану қажеттігі айрықша атап өтілді.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,  
«Заң газеті»

САНДЫҚ ЖҮЙЕ

Республикалық Жеке сот орындаушылар палатасы Әділет министрлігімен бірігіп, жаңа ADILET қосымшасын іске қосты. Қосымшаның басты ерекшелігі және қызметі уақыт үнемдеуге көмектесу. Онда сот орындаушының кеңсесіне бармай-ақ қаулыларды жүктеп алуға болады. Бұл үшін тек QR-кодты сканерлеу жеткілікті.

## «ADILET» ҚОСЫМШАСЫ ҚЫЗМЕТ ЕТУГЕ ДАЙЫН

Екіншіден, қосымша жеке сот орындаушысымен тікелей байланысқа шығу мүмкіндігін береді. Бұл үшін тараптар кабинетіне кіріп, өтініш жазса болғаны 5 күн ішінде сот орындаушысынан жауап ала аласыз. Шағымға егер сот орындаушысы жауап бермесе, ол одан әрі өңірлік палатаға кетеді. Егер палата үнсіз қалса, өтініш автоматты түрде Әділет департаментіне түседі. Яғни, өндіріп алушыға Е-өтініш арқылы шағымды палатаға немесе прокуратураға жазып, бірнеше апта бойы жауап күтудің қажеті жоқ. Тараптар кабинетінде сонымен қатар өндіріп алушы ЖСО қандай шаралар қабылдағанын және қабылдамағанын көре алады.

Үшінші артықшылығы – қо-

сымша борышкерлердің бірыңғай тізілімінде мәліметтерді іздеуді жүзеге асырады.

Төртіншіден, тарапқа қандай шектеу қойылғаны туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар.

Бесіншіден, қосымша атқарушы құжатты іздеуге, оның орналасқан жерін бақылауға болады.

Тоқетерін айтқанда, «Adilet» қосымшасы – бұл атқарушы өндіріске жылдам қол жеткізу жолы. Оны пайдалану арқылы атқарушылық іс-әрекеттер ашықтығын және мәжбүрлеп орындау шараларының уақытылы жүргізілуіне қол жеткізуге болады.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,  
«Заң газеті»

ЦИФРЛАНДЫРУ

## ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР БАСТАУЫ



Шымкент қаласы – Қазақстанның инновациялық хабына айналып келе жатыр. Қаланың экономикалық әлеуеті мен географиялық қолайлылығы ғана емес, ең бастысы – цифрландыруды дамытуға деген саяси ерік пен нақты істердің жү-

зеге асуы өңірді аталған салада тың белестер мен жаңа деңгейге көтерген.

Шымкент төрінде өткен Global Tech Wave Central Asia халықаралық конференциясы – бұл заманауи үрдістің аса маңызға ие екенін айқын дәлелдеп берді. Тек Орталық Азия емес, бүкіл әлемдік IT қауымдастығының назарын аударған бұл жиын цифрлық индустрия мен инновацияны тоғыстырған аса ауқымды алаңға айналды.

Мұнда цифрландыру мен инновациялық дамыту, сондай-ақ технологиялардың жілігін шағып, майын ішкен әлемдік алпауыттар мен жергілікті көшбасшылар бас қосты. Мәселен, Американың аңызға айналған Atari компаниясының негізін қалаушы Нолан Бушнеллдің келуі – бұл шараның ауқымын айқындап қана қоймай, Қазақстанның инновациялық картадағы орнын ойып тұрып көрсетіп берді. Белгілі тұлға жас стартапшыларға бағыт-бағдар беріп, біздің елімізді болашақ гейминг пен цифрлық индустрия орталығы ретінде бағалады.

Сондай-ақ Utah университеті мен отандық жоғары оқу орындары арасында меморандумдарға қол қойылып, жастарды жаңа технологиялар мен цифрлық мәдениетке бейімдеу және жобаларды қолдау мәселесі басты назарға алынды.

Шымқалада Президент басымдық берген цифрландыру тек теориялық бастама емес, нақты жобалар арқылы да кеңінен жүзеге асырылып келеді. Бұл тұрғыда Alageum Electric компаниясының тәжірибесін ерекше атап өткен жөн. Қазақстандағы электр энергетикасы саласының көшбасшысы саналатын бұл компания заманауи цифрлық шешімдерді өндірістік үдерістерге енгізіп, жасанды интеллектті қолдану арқылы өндірістің тиімділігі мен көлемін еселеп арттырып отыр.

Онымен қоса, Shymkent University оқу орны да жаңа форматтағы білім беру моделін іске қосып, студенттерге IT технологиялар мен инновацияны игеруге даңғыл жол ашқаны шара барысында ерекше аталды. Университет қабырғасында құрылған зертханалар мен стартап-инкубаторлар жастарға жаңа идеяларын дайын бизнеске айналдыруға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект бүгінде тек IT саласының емес, құқық, денсаулық, ауыл шаруашылығы және өндірістің қозғаушы күші болып отырғаны рас. Шымкент қаласында бірқатар мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру, «ақылды қала» жүйесін енгізу, деректерді өңдеу орталықтарын құру жұмыстары аса жоғары қарқынмен жүріп жатыр.

Бұл қадамдар қоғамның ашықтығы мен құқықтық мәдениетін арттыруға, жемқорлық тәуекелдерін азайтуға аса зор ықпал ететінін де атап өткен жөн. Мәселен, электрондық құжат айналымы мен цифрлық сервис азаматтардың уақытын үнемдеп, мемлекеттік қызмет сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік берген.

Шымкентте өткен Global Tech Wave Central Asia аясында өткен кинофестивальдер мен шығармашылық жобалар – цифрландырудың тек экономика немесе білім беру саласында ғана емес, мәдениет пен өнердің де жаңа тынысының ашылуына жол ашатынын айқын көрсетті. Жас режиссерлер мен медиа мамандар жаңа технологияларды пайдалана отырып, қазақ мәдениетін әлемге танытудың тың әрі айрықша жолдарын ұсынды.

Шымкенттің цифрлық даму тәжірибесінде көш басына шығуы – бүкіл Қазақстан үшін үлгі болары сөзсіз. Бұл – инновацияны енгізу, IT инфрақұрылымды дамыту, жасанды интеллектті қолдану және жастарға жол ашу бағытындағы жүйелі әрі тыңғылықты жұмыстың жемісі. Қаланың басты ұстанымы да дәл осы цифрландыру және инновация арқылы өркендеуге бағытталып отыр. Өйткені қазіргі уақытта әлемдік тәжірибе дәл осы бағыт мемлекеттердің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін анықтайды. Шымкенттің бүгінгі қадамы – ертенгі Қазақстанның технологиялық державаға айналуына берік негіз болатыны сөзсіз.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ  
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ



## КАССАЦИЯ ҚҰҚЫҚ ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

Әділетті қоғам орнату – мемлекеттің ең басты міндеттерінің бірі. Қазақстанның сот жүйесінде жасалып жатқан реформалар осы мақсатқа жетудің жолы ретінде қарастырылады. Соның ішінде ең ауқымды өзгерістердің бірі – жаңадан құрылған кассациялық сот. Бұл сот институты заңды күшіне енген сот шешімдерін қайта қарап, құқықтық әділеттілікті қамтамасыз етуді негізге алады. Бірақ, бұл тек заңнамалық механизм ғана емес, қоғамның сотқа деген сенімін арттырудың маңызды құралы болмақ.

Кассациялық сот – ең соңғы сот сатысы. Оның негізгі міндеті – бірінші және апелляциялық инстанцияларда қаралған істерді құқықтық қателіктер тұрғысынан қайта қарау. Бұл дегеніміз, сот процесінде кеткен заңдық сәйкессіздіктерді түзетуге мүмкіндік беріледі деген сөз.

Осыған дейін кассациялық саты Жоғарғы Соттың құрамында болса, енді ол жеке институт ретінде құрылып отыр. Бұл өзгеріс сот шешімдерінің нақтылығын күшейтуге, сот билігінің үш сатылы жүйесін нақтылай түсуге және де азаматтардың құқықтық қорғалу деңгейін арттыруға бағытталған.

Кез келген мемлекетте сот жүйесінің әділдігі мен ашықтығы азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастыратыны белгілі. Егер адамдар соттың әділетті шешім шығаратынына сенімді болса, заң үстемдігіне де қатар сенеді. Кассациялық сот осы сенімді нығайтуға тиіс.

Кассациялық сот жүйесі көптеген елдерде кең тараған. Мысалы, Францияда кассациялық сот әділеттілікті қамтамасыз етудің негізгі

тетіктерінің бірі ретінде қарастырылады. Ол нақты істің мән-жайын емес, заңды қолдану дұрыстығын қарайды. Германияда да кассациялық соттың негізгі міндеті – төменгі соттардың заңнаманы дұрыс қолданылғанын тексеру.

Қазақстандық модель осы халықаралық тәжірибеге сүйене отырып жасалған. Яғни, кассациялық сот қателіктерді түзетудің соңғы сатысы болып табылады және құқықтық нормалардың бірізділігін қамтамасыз етеді.

Әділдік – кез келген қоғамның іргетасы. Егер әділдік орнаса, қоғам тұрақтылық пен сенімге ие болады. Бірақ әділдікке жету үшін тек заң ғана емес, оны орындайтын жүйе де мінсіз болуы керек. Кассациялық сот – осы әділдікке жетудің тағы бір мүмкіндігі.

Бұл институт тек заңнамалық тұрғыдан емес, моральдық тұрғыдан да маңызды. Ол адамдардың соңғы үмітіне айналуы мүмкін. Көп жағдайда азаматтар әділдікті қалпына келтіру үшін бар мүмкіндігін пайдаланады, ал егер барлық сот



Сәкен СӘДУАҚАС,  
Шарбақты аудандық сотының  
төрағасы

сатысынан өтіп, әділдікке жетпесе, олардың құқықтық жүйеге деген сенімі жоғалады. Сондықтан да кассациялық сот әділетті шешім шығаруымен ғана емес, қоғамдағы құқықтық мәдениетті қалыптастыруымен де маңызды.

Қазақстандағы жаңа кассациялық сот – сот реформаларының келесі қадамы. Оның басты мақсаты – әділдік пен құқықтық үстемдігін қамтамасыз ету. Бұл институт халықтың сот жүйесіне деген сенімін арттырып, заң үстемдігін нығайтуға көмектесуі тиіс.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ



## АПОСТИЛЬ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК СОТ ТӘЖІРИБЕСІ

Қазіргі заманда азаматтардың шетелмен байланысы артып келеді. Бірі – шетелде білім алады, бірі – жұмыс істейді, ал енді бірі – отбасы жағдайын реттеу үшін шетелдік органдарға құжат ұсынады. Мұндай жағдайда құжаттардың заңдылығын растау қажеттілігі туындайды. Сол үшін халықаралық деңгейде қолданылатын негізгі тетік – Апостиль.

кеу мәселелерінде, мемлекеттік органдардың шетелдік шешімдері мен анықтамаларына байланысты дауларда.

ӘРПК-нің дәлелдемелерге қатысты нормаларына сәйкес, сотқа ұсынылатын әрбір құжат заңды әрі сенімді болуы тиіс. Егер құжат шетелде берілсе, Қазақстан аумағында жарамды болуы үшін міндетті түрде Апостиль қойылуы қажет. Апостиль болмаған жағдайда сот құжатты толыққанды дәлелдеме ретінде қараудан бас тартуы ықтимал.

Сот тәжірибесіндегі артықшылықтары – апостиль рәсімінің әкімшілік соттар үшін маңызы зор, ол құжаттардың түпнұсқалығын тез әрі сенімді растауға мүмкіндік береді, дәлелдемелерді қабылдау кезінде соттың объективтілігін қамтамасыз етеді, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға ықпал етеді.

Осылайша, апостиль халықаралық құқықтық талаптарды сақтаумен қатар, әкімшілік соттарда әділ шешім қабылдауға негіз қалайды.

Бүгінгі таңда Қазақстанда апостиль қою құқығы бірнеше мемлекеттік органға берілген: Әділет министрлігі – сот және нотариалдық құжаттарға, Білім министрлігі – аттестат пен дипломдарға, Сыртқы істер министрлігі – мемлекеттік органдардың өзге құжаттарына.

Рәсімнің өзі аса қиын емес, бірақ азаматтар уақытылы жүгініп, құжатты дұрыс рәсімдеуі қажет. Бұл сот процесінде артық кідірістерге жол бермейді.

Апостиль – халықаралық деңгейде мойындалған заңдастыру құралы. Әкімшілік сот тәжірибесінде оның рөлі ерекше, себебі ол сотқа ұсынылатын шетелдік құжаттардың заңдылығын қамтамасыз етеді. ӘРПК нормалары аясында апостиль азаматтардың құқықтарын қорғаудың кепілі болып табылады. Сондықтан әрбір азамат немесе ұйым шетелдік құжаттарды сотқа немесе мемлекеттік органға ұсынар алдында олардың апостильденуін қамтамасыз етуі тиіс.

Гүлсезім ГАЖДАНБЕКҚЫЗЫ,  
Қызылорда облысы  
мамандандырылған  
әкімшілік сотының жетекші маманы



### Апостиль дегеніміз не?

Апостиль – 1961 жылғы Гаага конвенциясына сәйкес енгізілген арнайы мөртаңба. Ол құжаттағы қолдың түпнұсқалығын, қол қойған тұлғаның құзыретін және ресми мөрдің шынайылығын растайды. Апостиль қойылған құжат конвенцияға мүше барлық елдерде қосымша заңдастырусыз танылады. Қазақстан бұл конвенцияға 2000 жылы қосылған.

Апостильдің басты артықшылығы – құжатты консулдық заңдастырудан өткізудің қажеттілігін болдырмайды. Бұл уақытты үнемдеп қана қоймай, халықаралық құжат айналымын жеңілдетеді.

Қазақстандағы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы дауларды шешуге арналған құқықтық база болып табылады. Әкімшілік сот тәжірибесінде кейде шетелде берілген ресми құжаттар ұсынылады. Мысалы, шетелдік жоғары оқу орындарының дипломдарын тануға қатысты дауларда, көші-қон немесе азаматтық жағдай актілерін тір-

Қазақ халқы ұрлықты терең моральдық, құқықтық және рухани тұрғыдан айыптаған. «Ұрлықпен мал жиған – байымайды» деген мақал соның айғағы.

Ұрлық – тек мүліктік қылмыс қана емес, ол – адамның ар-намысына, адамгершілігіне қарсы әрекет. Қоғамда сенім мен тәртіп орнауы үшін әр азамат өзгенің дүниесіне қол сұқпауы тиіс. Адамның еңбегін ұрлап, өмірлік тірегін жымқыру – қоғамның іргесін сөгу деген сөз. Сондықтан «Ұрлық түбі – қорлық», «Ұрының арты қуыс» сынды мақалдар да кең таралған.

## ҰРЛЫҚ ТҮБІ – ҚОРЛЫҚ

Қазіргі ҚР Қылмыстық кодексінде ұрлыққа нақты анықтама берілген. ҚР ҚК 188-бабында былай делінген: «Басқа біреудің мүлкін жасырын ұрлау – ұрлық». Бұл әрекет қылмыстық құқық тұрғысынан қылмыстық құқықбұзушылық болып есептеледі және ол үшін жауапкершілік қарастырылған.

Заң ұрлықты ауырлық дәрежесіне қарай саралайды: қарапайым ұрлық – жеңіл дәрежелі қылмыс, ал қайталанған, топпен жасалған, ірі көлемдегі ұрлық – ауыр қылмыс саналады. Мұндай жағдайларда сот айыппұл, қоғамдық жұмыстарға тарту, бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындай алады.

Кейбір адамдар жеңіл жолмен байлыққа жетемін деп, ұрлыққа барады. Бірақ тарих пен өмір тәжірибесі көрсеткендей, арам жолмен келген дүние – баянсыз. Мұндай байлық адамға шын мағынасындағы тыныштық, құрмет, береке әкелмейді. Арам ас аузынан кетеді, адал ас бойынды өсіреді.

Ұрлықпен күн көрген адамның санасын үрей билейді. Ол үнемі ұсталып қалудан, әшкереленуден қорқып, ішкі жан дүниесімен күйзеліске түседі. Бұған қоса, қылмыстық жауапкершілік те есікті қағуы мүмкін. Ірі көлемде ұрлық жасап сотталған адам соттылыққа ие болады. Ал бұл оның еңбек нарығында, қоғамда, тіпті отбасы ішінде де беделіне кері әсерін тигізеді.

Заң бойынша ұрлық жасаған адам тергеу мен сот үдерістерінен өтеді. Бірақ кейде халықтың сенімінен шығу – заң жазасынан да ауыр болуы мүмкін. «Ұры атанғанша, құры атан» деген сөз осыны меңзейді.

Қазақтың дәстүрлі құқықтық мәдениетінде де ұрлыққа ерекше назар аударылған. Би-шешендер ұрыны тек қылмыскер ретінде емес, ру мен елге сына түсірген адам деп санаған. Мысалы, Қазыбек би: «Адал жолмен мал тапқан – елге тірек, ұрлықпен мал тапқан – елге жүк», – деп айтқан. Ұрыны ұстап, жәбірленушіге үш тоғыз етіп қайтару, бет-пердесін ашу, руға айып салу секілді жазалар қолданылған.

Ұрлықтың себептері әртүрлі болуы мүмкін: жұмыссыздық, кедейлік, құқықтық сауатсыздық, жастар тәрбиесінің әлсіреуі, әлеуметтік желідегі теріс әсерлер – бәрі де қылмысқа итермелейтін факторлар.

Қорытындылай келе, «Ұрлықпен мал жиған – байымайды» деген халық сөзі – терең өмірлік шындық. Адам қандай қиындыққа тап болса да, адал жолдан таймауы тиіс. Қоғамда әділдік пен тұрақтылық орнауы үшін әр азамат заң нормаларын, мүліктік құқықтарды, жеке меншікті құрметтеуі тиіс. Адал еңбек – берекенің бастауы.

Ақнұр ЖАБАФИЕВА,  
Ақтөбе қалалық №2 сотының  
бас маманы-сот отырысының хатшысы



Тәуелсіздік алған күннен бастап тіл мәселесі ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Елімізде барша қазақстандықтардың мүдделерін ескере отырып, барлық этностардың тілдік құқықтарының сақталуын, қарым-қатынас тілін еркін таңдауына, білім алуына, шығармашылықпен айналысуын қамтамасыз ететін үйлесімді саясат жүргізіліп келеді.

## БІРЕГЕЙЛІК ПЕН БІРЛІКТІҢ ТҮПҚАЗЫҒЫ

Қазақстанның негізгі Ата Заңы – Конституцияның 7-бабында еліміздегі мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп көрсетілген. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздар жүргізу тілі. Қазақ тілін білу әрбір азаматтың парызы, ал тілдің өзі – Қазақстан халқын топтастырудың маңызды факторы.

Қазақстанның барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін және қиындықсыз меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайлар кеңінен жасалуда.

«Тіл туралы» заңның 13-бабының шеңберінде сот ісін жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Сот жүйесінде іс қағаздарын жүргізу, сот отырыстарын жүргізу және шешім қабылдау үшін мемлекеттік тілді пайдалану міндет. Бұл барлық азаматтар үшін сот жүйесінің қолжетімділігін қамтамасыз етеді және заңның қолданылуын біркелкі етеді. Сот жүйесінде мемлекеттік тілді қолданудың негізгі аспектілері:

-ресми іс қағаздарын жүргізу;  
- барлық құжаттар оның ішінде шағымдар, сот үкімдері, сот



Ульяна ШАТСКИХ,  
Риддер қалалық сотының  
бас маманы-сот  
отырысының хатшысы

шешімдері, жиналыс хаттамалары мемлекеттік тілде ресімделеді.

Қазақ тілі – Қазақстан халқының бірегейлігі мен бірлігінің ең маңызды элементі. Оны дамыту және қолдау мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері болып табылады. Қазақ тілін құрметтеу және білу ұлтаралық келісімді нығайтуға және күшті, мәдени бай қоғам құруға ықпал етеді.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ



# АМАНАТҚА АДАЛ БОЛҒАН АЗАМАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осыдан он жыл бұрын Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толған салтанатты шақ туғанда, сол ұлы билеріміздің мәртебесі асқақтай дәріптеліп, мемлекеттігіміздің айқын бір қуатты сипатындай болып танылып еді. Бұл елдік нышанның сөз жүзінде қалып қоймай, республикамыз бойынша жүздеген көшеге мәртебелі билер есімінің берілуі халқымыз қуана қабылдаған лайықты қадам болды. Мысалға сол кезеңде өзім сот төрағалығын атқарған бір ғана Ақмола облысында, Көкшетау қаласы мен осы облысқа қарасты көптеген елді мекендерде қырық шақты көшеге билер есімінің берілуіне куә болып қана қоймай, сол істерге мұрындық болып, үлес қосқандығымды мақтанышпен еске аламын. Мұны мен бүгінгі игілікті шарамен байланыстырып қозғап отырмын.

Яғни, бүгінгі атқарылып отырған шара, сол жақсы істеріміздің үзіліп қалмай, жалғасып жатқанының белгісі. Бұл үлкен шаралардың елдігіміздің мәртебелі мерейлі жеңісіндей танылуының себебі де түсінікті еді. Кеңес дәуірінде ғасырға жуық уақыт бойы қасиетті билеріміздің рөлі қасақана төмендетілді, олар керітартпа феодалдық қоғамның қиянатшыл-билікшіл жуан шонжарлары, үстем тап өкілдері деп сипатталып, халыққа ұнамсыз, жағымсыз бейне ретінде танылып келген болатын. Осының салдарынан мәртебелі билеріміздің мемлекеттік маңызды істер тындырғаны, елдігіміздің тұғыры қаласып, алғашқы заңдарды құрастыруға атсалысқаны айтылмай, тасада, көлеңкеде қалып қойды. Оның да себебі айқын, мұндай бағыт кеңестік идеологияға кереғар, қарама-қайшылық тудыратын, бұл қазақтың елдігін танумен бірдей болатын, ал кеңестік саясат қазақты қазан революциясына дейін ел болып бірікпеген, азып-тозған, тек большевиктер үкіметінің жеңіске жетіп, билік басына келуімен ғана адам болған, иіні бүтінделіп, оқу-білімге қолы жеткен, ал осыған дейін әлемдік өркениет дамуынан кейін қалып қойған, қараңғы, надан жұрт етіп көрсетті. Енді, міне, тәуелсіздік таңы атып, төл тарихымыз жаңарып, қайта жазыла бастағанда, дана билеріміз өздерінің лайықты бағасын алып, тарих аренасына асқақ тұлғаларымен көтерілді. Иран Әміровтей мәртебелі заңгеріміздің есімі осыншама ардақталып, көше берілуі тұлғаларды бағалаудың бір мысалы.



*Иран Әміров ағамыз отыз жылдан астам судья болып, он жыл бойы Ақтөбе облыстық сотын басқарса, он жыл Сенатта халқының қалауымен депутат болды.*

*Иран Әміров депутат болған жылдарда халықпен етене жақын араласып, ел ішіне жиі шығып отырды, бәзбіреулер секілді жайлы орын, жұмсақ креслоны қимайтын кабинеттік қайраткер депутатқа айналған жоқ, өз мойнындағы халық аманатына мейлінше адал болғандығын көз көрді, құлақ естіді.*

Иран ағамыздың еліміздің іргелі мемлекет болуына үлкен үлесін қосып жүрген, халқының қалауымен депутат болып, мәртебелі трибуналардан асқақтай сөйлеп, көтеріңкі, жігерлі дауысымен қыранша саңқылдап, ел мүддесі, ел заңының өркендеуі туралы үлкен мәселелер көтерген еңбегі ел жадында. Өзі де жарықтық, қыран тұлғалы, қарсы келген адам жанарын тайдырып әкететіндей аса сұсты, еңселі, келбетті азамат болатын. Көрген сайын, «Заңгер болса, осындай-ақ болсын, ел таңдап, сөзін сөйлетсе, соған татитындай ерім-ақ екен!» – деп сүйсінетінбіз. Сол тұғырлы, еңселі алғысымен, қыран дауысымен көз алдымызда қалып қойды. Осындай асыл азаматтың екі дүниеде де дәріптеліп, үлкен көшеге есімінің беріліп, жұртының аузында жүретін ардақтысына айналуы біз үшін үлкен мерей.

Иран Әміров ағамыз отыз жылдан астам судья болып, он жыл бойы Ақтөбе облыстық сотын басқарса, он жыл Сенатта халқының қалауымен депутат болды. Осы тұстарда ол ел-жұртының қамын жеген, әрбір маңызды мәселелеріне жаны шырқырап күйген үлкен жүректі қайраткерлігімен есте қалды. Өз басым әрі қарымды қайраткерлігіне сүйсініп, әрі фамилиялас болғандығынан ба, бір жақындық көріп, есімі аталған сайын, жалынды лебіздерін тыңдаған сайын, жаныма жақын тұтып, «Ел қамын жеген Едігедей азамат!» деп риза болушы едім. Ағамыздың әрбір ісі мен сөзінен өзіме зор үлгі-өнеге алып, ұлағат көруші едім. Сондықтан да Иран ағамыздың есімінің ардақталып, көше берілуін заңдылықтай қабылдап, әділеттің салтанат құруын дай көріп, көңілім толқыды.

Бұл салтанатқа Қазақстан Судьялар одағының атынан арнайы келгендегі мақсатымыз – заңгерлерді, судьяларды құрметтеген, еңбегін бағалаған елге алғысымызды, жүрекжарды лебізді өз аузымыздан жеткізу болатын. Шараға Ақтөбе облыстық сотының төрағасы Айдар Смағұлов, Ақтөбе қаласының әкімі Азамат Бекет, қалалық соттардың төрағалары мен судьялары, сондай-ақ Иран ағамыздың әріптестері, туыстары қатысып, жүрекжарды тілектерін білдіріп, бұл шараның салтанаты мен маңызын барынша арттырды. Сөз алғандардың қай-қайсысы болмасын, ағынан жарыла, ақтарыла сөйлеп, оған деген халқының махаббаты аса жоғары болғанын жеткізіп жатты.

Иран Әміров депутат болған жылдарда халықпен етене жақын араласып, ел ішіне жиі шығып отырды, бәзбіреулер секілді жайлы орын, жұмсақ креслоны қимайтын кабинеттік қайраткер депутатқа айналған жоқ, өз мойнындағы халық аманатына мейлінше адал болғандығын көз көрді, құлақ естіді. Иран ағамыздың сөздерінен халқына шынайы жанашырлығын айқын аңдаушы едім.

«Егер біз шетелдіктер секілді елге басқа мемлекет азаматта-



рының кіруін қатаң заңмен бақыламасақ, келушілерді іріктеудің айқын өлшемдерін, шетелдіктермен некеге тұру, азаматтық алу ережелерін жасай алмаймыз. Біз мұндай жағдайда келешегімізден, ұлттық тектік қорымыздан, қасиетімізден айырыламыз» – деп Астанада Сенаттың пленарлық отырысында «Неке және отбасы» кодексінің жобасын талқылау кезінде

Осыған орай қат-қабат қаншама қиындықтар туындап жатады. Неге біздің елімізде шетелдіктер оп-оңай тіркеуге тұра алады? Көші-қон туралы, оралмандар мәселесін шешуді қоспағанда, азаматтық алу туралы заңымызды қатаңдататын мезгіл жеткен жоқ па?» – деп еді ағамыз үлкен мінберде. Міне, Иран Әміров осындай өткір көзқарастарын білдіріп, депутаттық сауалдар қою арқылы, ортаға аса маңызды ой тастап, билікке көкейтесті ұсыныстарын батыл жеткізе білетін.

Біздің көкейімізде Иран Әміров осындай жарқын тұлғасымен, өткір ой-пікірлерімен, халыққа деген шынайы жанашырлық бейнесімен сақталып қалды. Ардақты азамат заң саласында әділдік пен адалдықтың, өткірлік пен турашылдықтың жарқын символдық тұлғасына айналды. Осындай арда азаматтың атына көше берілуі – халық ықыласының, ел ілтипатының нақты дәлелі болып танылды.

Осы орайда, өнегелі істі қолға алып, жүзеге асырып отырған Ақтөбе облыстық және қала әкімшілігіне Қазақстан судьялары мен ардагер заңгерлер атынан зор алғысымызды білдіре отырып, бұл игілікті істің жалғасын табатынына, өзге де облыс орталықтары мен қалаларымызда елге еңбегі сіңген осындай ардақты ардагер судьяларымыздың көрнекті көшелерге есімдері беріле бастайтындығына зор сенім білдіреміз. Бұл судьяларымыздың сіңіріп жатқан ұшан-теңіз еңбектеріне лайықты жасалған құрмет бола-ры талассыз.

Иран Әміровтің бейнесі өзінің терең тағылымымен, ұлағаттылығымен жүрегімізде жасай бермек. Және оның ұлағатын жас ұрпаққа жеткізіп, есімін жаңғыртып отыру – аға ұрпақтың абзал борышы деп білеміз.

Сөз соңында, Иран ағамыздың отбасына, аяулы жары Бану Қожахметқызы мен ұл-қызы Ләззат пен Жаннат, Фаниға ізгі тілегімізді жеткіздік. Иран ағамыздай асылдың сынығы, жақсының көзі болған ұл-қызының тәрбиесі, тектілігі баршамаңызды сүйсінтті. Олардың сөз саптауына, таным-түсінігіне қарап ағамыздың өзі тіріліп, ортамызға оралғандай тебірендік. Әрине, осындай жоқтаушылары бар Иран ағамыз мәңгі жасайды.

**Досжан ӘМІР,  
ҚР Судьялар одағының  
төрағасы**



**Мемлекеттік қызметтің басты тұтынушысы – халық. Халықтың өзіне қажетті мемлекеттік қызметті жедел, әуре-сарсаңсыз, оңай алу үшін елімізде ауқымды реформалар жүргізіліп, сандық технологияның мүмкіндіктері барынша кең қолданылауда.**

Соның арқасында «Электрондық үкімет» веб-порталы азаматтар ең көп жүгінетін, ең көп қызмет алатын бірегей цифрлық алаңға айналды. Бұл межемен, мұндай жетістікпен тоқтап қалуға болмайды. Өйткені, Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев өзінің жақында жариялаған жолдауында «Қазақстан цифрландыру мен жасанды интеллект дәуірінде шешуші қадамдар жасап, үш жылдың ішінде цифрлық елге айналуы тиіс» деген нақты меже белгіледі.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ АЛУ ЖЕҢІЛ ӘРІ ЫҢҒАЙЛЫ

Бұл мәлімдеме мемлекеттік қызметтегі стратегиялық бағытты айқындап қана қоймай, цифрлық трансформацияның қазіргі мемлекеттік аппараттың, оның ішінде сот жүйесінің ажырамас бөлігіне айналуы керектігін ұқтырса керек. Сондай-ақ жолдау жүктеген міндеттер инновациялық технологияларды сот төрелігінің ашықтығын, қолжетімділігін және тиімділігін арттыру құралы ретінде кеңінен қолдану қажеттігін көрсетеді.

Жалпы, елімізде жаңа технология жетістіктерін мейлінше ерте әрі кең қолданған саланың бірі сот екені белгілі. Отандық сот ісін жүргізу инновациялық цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні тереңірек интеграциялау арқылы жаңа деңгейге көтеріліп, бұл тек қолайлылық пен жеделдікті ғана емес, сонымен қатар ашықтықты арттырып, бюрократияны қысқартып, құқықтық

мәдениетті нығайтқанына жалпы жұртшылық куә. Соның нәтижесінде халықаралық индекстерге сәйкес Қазақстан сот жүйесін цифрландыру деңгейі бойынша әлемде 4-орында тұр. Осының өзі сот саласындағы реформалар жаңашылдыққа, сандық үрдістерге негізделгенін көрсетеді.

«Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер ішінде «Сот кабинеті» бірыңғай сервисінің шоқтығы биік. 2014 жылдан бері қолданылып келе жатқан сервис арқылы азаматтар сотқа онлайн өтініш беріп, іс жүргізу құжаттарымен танысуына, сот процесіне қатысты барлық құжаттарды онлайн қарауға, сот отырысының уақыты мен орнын білуге, сот істерінің күнтізбесін тексеруге, сот актілерін іздеуге қол жеткізіп отыр. Сонымен бірге, бұл сервисінің көмегімен электрондық сенімхат бе-

руге, сот өндірісіндегі істер туралы ақпарат алуға, төленбеген айыппұлдарды тексеруге және төлеуге, сот төлемдерін онлайн төлеуге мүмкіндік бар.

Электрондық үкімет веб-порталы шеңберінде тәжірибеге енгізілген сервистердің барлығы бүгінде халыққа керек екенін, ел игілігіне қажет екенін дәлелдеді. Мұндай қызметтің тиімді екенін азаматтардың да көзі жетіп отыр. Өйткені, электрондық сервистер арқылы қызмет алу уақытты үнемдеуге көмектеседі. Қызметтің ашықтық пен бақылауға жол ашатыны, қағазбастылықты азайтып, сыбайлас жемқорлық тәуекелін төмендететіні де көпшіліктің көңілінен шығуда.

Президенттің биылғы жолдауы мемлекеттік қызметтегі сандық технология жетістіктерін одан әрі жетілдіріп, жасанды интеллект үрдісін тиімді пайдалануға ықпалын тигізери анық.

**Райхан МУНАСАЕВА,  
Маңғыстау облыстық соты  
баспасөз қызметі бөлімі  
басшысының міндетін атқарушы**

БІР МҮДДЕ

16 шілдеде Мемлекет басшысы қол қойған «Қылмыстық заңнаманы оңтайландыру туралы» заң 16 қыркүйектен бастап күшіне енеді. Бұл заңнама халық үшін, әсіресе жастар үшін үлкен мәнге ие. Себебі онда сталкинг, дропперлік секілді терминдер алғаш рет ресми түрде заң мәтініне еніп отыр. Сонымен қатар некеге тұру, отбасы институты, азаматтардың жеке және қоғамдық құқықтары сынды әлеуметтік маңызды тақырыптар нақты және терең көрсетілген.

# ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУ – ҚАЖЕТТІ ҚАДАМ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы жолдауында Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерді мұқият қарап, қолданылмайтын, сот ісін созыратын, кейде әділеттілікті тежейтін артық нормалардан тазарту қажеттігін атап өтті. Бұл мақсат – заңдардың қайталама түзетулерге шалдығын тоқтату. Өйткені, 2015 жылдан бері бұл кодекстерге 1 200-ден астам өзгертулер енгізілген. Мемлекет басшысы заңдарды уақытша жағдайларға немесе корпорациялық мүдделерге байланысты өзгертуге жол берілмеуі тиіс деп мәлімдеді. Сонымен қатар, заң шығарудағы жауапкершілік пен сапа үшін Әділет министрлігінің өкілеттілігі мен кадрлық әлеуеті күшейтілуі керек екенін айтты. Осы тапсырма 2023 жылы Мәжіліс депутаттарының күн тәртібіне қойылды. Депутаттар екі жылдың ішінде заң жобасын дайындауға кірісті. 2025 жылғы маусымда Мәжілісте қаралып, қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңның Президент қолымен бекітілуі 16 шілдеде болды. Жаңа заң 60 күн өткен соң, яғни 16 қыркүйекте күшіне енуі керек.

– Біз қабылдаған заң жобасының негізгі бағыты азаматтар мен

мүмкіндігі, электрондық қылмыстық іс жүргізуді әдепкі норма ретінде қалыптастыру, прокурордың резюлюциясы негізінде бөлек қаулысыз сотқа беру, қашықтан беттестіру мүмкіндігі, интернеттегі қылмыстарда жәбірленушінің тұрғылықты жері бойынша тергеу жүргізу сияқты осы сала мамандары үшін маңызды өзгерістер бар, – дейді депутат Абзал Құспан.



кәсіпкерлердің құқығын қорғауды күшейту, қылмыстық процесте тараптардың теңдігін нығайту, қылмыстық процесті оңтайландыруға саяды. Соның ішінде экономикалық даулар бойынша негізсіз қылмыстық істерді тіркеуді алып тастау, істерді қосымша тергеуге прокурорға қайтаруға тыйым салу, бизнесті тексеру үшін прокурормен міндетті түрде келісу, тінту және алып қою санкцияларының қолданылу мерзімдерін негізді ету, «қорғану құқығы бар куәгерді» қорғау, кәсіпкерлік қызмет пен ұйымдасқан қылмыстық топты ажырату, экономикалық қылмыстар бойынша бас бостандығынан айырудың орнына еселенген айыппұл енгізу, адвокаттардың құқығын кеңейту, сотқа қорғау тарапының балама ұстанымын ұсыну

Қазақстанда 16 қыркүйектен бастап күшіне енген қылмыстық заңнамадағы маңызды өзгерістердің бірі – сталкинг үшін қылмыстық жауапкершіліктің енгізілуі. Сталкинг ұғымы халықаралық тәжірибеде бұрыннан қолданылып келеді. Ол – жәбірленушінің еркіне қарсы байланыс орнатуға немесе аңдауға бағытталған, зорлық-зомбылықпен тікелей байланысы жоқ, бірақ адамға елеулі психологиялық зиян келтіретін әрекеттердің жиынтығы.

Мәселен, біреудің соңынан қалмай ізіне түсу, қайта-қайта телефон соғу, әлеуметтік желілер арқылы мазалау, адам қаламаса да сыйлықтар жіберу, қорқытпау-үркіту – мұның барлығы енді заң бойынша жазаланатын әрекеттер қатарына жатады.

Жаңа заңға сәйкес, сталкинг жасаған адамға:

- 200 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл;
- сол мөлшерде түзеу жұмыстары;
- 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыс;
- не 50 тәулікке дейін қамау жазасы тағайындалуы мүмкін.

Жаңа заңнамада қаржы саласында жиі кездесетін алаяқтықтың бір түрі – дропперлікке арнайы қылмыстық жауапкершілік қарастырылды. Дропперлік дегеніміз – банктік шоттарды, төлем карталарын немесе сәйкестендіру құралдарын басқа адамдарға заңсыз беру немесе пайдалану. Әдетте мұндай әрекеттер қаржылық алаяқтық схемаларында қолданылады. Мәселен, азамат өз атына ашылған картаны үшінші тұлғаға сатып немесе уақытша берген жағдайда, ол карта арқылы заңсыз ақша айналымы жүруі мүмкін.

Қылмыстық кодекстің 232-1-бабы бойынша, дропперлік жасағандарға:

- 160 айлық есептік көрсеткіштен 5 000 АЕК-ке дейін айыппұл;
- қоғамдық жұмыстар;
- бостандығын шектеу немесе айыру жазасы тағайындалуы мүмкін.

Қылмыстық кодекстің жаңа 125-1-бабына сәйкес, қыз алып қашқандар 2 мың АЕК-ке дейін (шамамен 7,8 млн теңге) айыппұл төлейді, түзеу жұмыстарына тартылады немесе екі жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

Егер қылмыс күш қолданумен, кәмелетке толмағанға қатысты немесе топ болып жасалса, жаза күшейеді. Мұндайда 5 мың АЕК-ке дейін (19,6 млн теңге) айыппұл салынып, үш жылдан жеті жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Қазақстанның қылмыстық заңнамасында «Адам ұрлау» бабына да бірқатар түзетулер жасалды. Енді бұл қылмыс үшін жауапкершілік бұрынғыдан да қатан.

Қылмыстық кодекстің 125-бабына сәйкес:

- қылмыстың қарапайым құрамы

үшін – 4 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру;

- жүкті әйелге, топпен немесе қару қолданып жасалған жағдайда – 7 жылдан 12 жылға дейін;
- ерекше ауыр жағдайларда (жәбірленушінің өліміне, кәмелетке толмағанға қатысты немесе қылмыстық топпен жасалған) – 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Бұған дейін заңда «Жәбірленуші ерікті түрде босатқан тұлға, егер басқа қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады» деген ескерту болған еді. Алайда жаңа түзетулерде бұл норма толық алынып тасталды. Мамандардың айтуынша, мұның салдары елеулі. Енді азаматты оның еркінен тыс бір жерден екінші жерге алып кету фактісінің өзі ауыр қылмыс болып саналады. Тіпті, күнделікті өмірде кездесетін «борышкерді қарызын қайтаруға мәжбүрлеп жеткізу» сияқты әрекеттер де адам ұрлау ретінде бағалануы мүмкін. Бұл өзгеріс заңның қаталдығын арттыру арқылы азаматтардың бостандық құқығын қорғауды күшейтуді көздейді.

Жаңа заңға сәйкес, енді заңсыз банктік және коллекторлық қызмет үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілген. Бұл – Қылмыстық кодекстің 214-1 және 214-2 баптары. Лицензиясыз несие беру, банктік операция жүргізу немесе заңсыз коллекторлық қызметпен айналысу енді ауыр құқықбұзушылық болып саналады. Оның жазасы – көлемі 2 мың АЕК-ке дейін айыппұлдан бастап, 600 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстар, дәрежесіне қарай 2 жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе айыру да тағайындалуы мүмкін. Егер қылмыс топпен жасалса немесе қайталанса, жаза күшейеді. Мұндай жағдайда сот 5 жылға дейін бас бостандығынан айыруға және мүлкті тәркілеуге үкім шығара алады. Бұл норманың мақсаты – азаматтарды қаржылық алаяқтардан қорғау.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,**  
«Заң газеті»

ЗАҢ МЕН ТӘРТП

## ҚЫЗ АЛЫП ҚАШУ – ЗАҢҒА ҚАЙШЫ

Елімізде қыз алып қашу мәселесі соңғы жылдары қоғам назарынан түскен емес. Біреулер мұны «ата-баба дәстүрі» деп ақтап алуға тырысса, енді біреулер керісінше – бұл қыздың құқығын таптау, зорлық-зомбылықтың бір түрі деп санайды.



**Тарихына көз жүгіртсек...**

Зерттеушілердің дерегіне сүйенсек, қыз алып қашу дәстүрінің шығу тегі арқылы түсіндіріледі. Мәселен, Николай Кисляков 1969 жылы жарық көрген еңбегінде бұл дәстүр кей кездері ата-анасы келісім бермегенде немесе ұзаққа созылған құдалық, той мәселесінде орын алғанын жазады. Ал Техас университетінің антропологы Цинтия Вернердің еңбектерінде тәуелсіздік алғаннан кейін қыз алып қашу «қазақтың ұлттық дәстүрі» ретінде жиі ақтала бастағаны айтылады. Бұл әрекеттер кейде романтикамен бүркемеленіп, қоғамда заңсыздық емес, қалыпты мәдени норма ретінде қарастырылған. Алайда статистика көңіл қуантарлық емес: жылына шамамен 5 мыңға жуық қызды еркінен тыс алып қашады деген деректер бар. Бұл – адам құқығының өрескел бұзылуы.

**Заң не дейді?**

2025 жылдың 16 қыркүйегінен бастап Қазақстанда қызды еркінен тыс алып қашу, некеге мәжбүрлеу – ресми түрде қылмыс болып саналады. Бұл өзгеріс еліміздің Қылмыстық кодексіне енгізіліп, қыз балалардың құқықтарын қорғаудағы маңызды қадам ретінде бағаланды. 1959 жылы қабылданған Қазақ КСР-інің Қылмыстық кодексіне «некеге мәжбүрлеу» бабы болған. Алайда 1997 жылы жаңа кодекс

қабылданғанда, бұл бап алынып тасталды. Сол кезден бастап «қыз алып қашу» әрекеті нақты қылмыс ретінде қарастырылмай, түрлі дау-дамайға себеп болды. Ал 2015 жылғы Қылмыстық кодексте де бұл әрекетке байланысты бап жоқ еді. Соның салдарынан еркінен тыс алып қашылған қыздар заң алдында толық қорғалмай келді.

Нақты айтқанда, заңға өзгеріс енгізіліп, 125-1-бабына Некеге тұруға мәжбүрлеуге қатысты норма енгізілген. Оған сәйкес, қызды алып қашып кетіп, некеге күштеп мәжбүрлегені үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылады. Ескі заңнамада біреуді ұрлап әкетіп, артында өз еркімен жібергендер үшін ешқандай жауапкершілік қарастырылмайтын. Енді бұл бап алынып тасталды. Заңның 125-1-бабында адамды күш қолдану немесе мүлкіті жою немесе бүлдіру қатерін төндіріп, сол сияқты бопсалау жолымен, оның ішінде жәбірленушіні немесе оның жақындарын маскаралайтын мәліметтерді жариялану немесе таратылуы жәбірленушінің немесе оның жақындарының мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерді жариялау немесе тарату қатерін төндіріп некеге тұруға мәжбүрлеу үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылғаны жазылған. Мұндай қылмыс жасаған азаматтарға 2 мың АЕК (7 864 000

теңге) көлемінде айыппұл қарастырылған. Егер айыппұлға көнбесе, сол мөлшерде түзеу жұмыстарына жегіледі немесе екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығы шектеледі. Сондай-ақ сот шешімімен 2 жыл мерзімге толық бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Ал егер қызды алып қашып, некеге мәжбүрлеу кезінде: күш қолданылса, әрекет көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалса, жәбірленушінің материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдаланып жүзеге асырылса, адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы жасалса не өз қызмет бабын пайдаланып істелсе – жаза ауырлайды.

Мұндай жағдайда 5 мың АЕК (шамамен 19 660 000 теңге) көлемінде айыппұл салынып, сол мөлшерде түзеу жұмыстарына жегілуі мүмкін. Сондай-ақ жаза ретінде бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту қарастырылған. Ал сот шешіміне сәйкес, қылмыстың ауырлығына қарай үш жылдан жеті жылға дейін бас бостандығын шектеу не дәл осы мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалуы ықтимал.

**Заң қалай қабылданды?**

Бұл өзгерістер Мәжіліс депутаттарының бастамасымен енгізілді. Депутат Абзал Құспан қазақ қоғамындағы «қыз алып қашу» дәстүріне толықтай тыйым салынбайтынын, тек мәжбүрлі түрде жүзеге асқан жағдайда ғана қылмыстық жауапкершілік қарастырылатынын атап өтті. Яғни, заңда көрсетілгендей, егер алып қашу кезінде қызға зиян келтірілмесе, жеңіл жаза ретінде айыппұл қолданылады. Ал қылмыс топпен жасалып, ауыр зардаптарға соқтырса – жаза қатаңдатылып, бас бостандығынан айыруға дейін барады.

Депутаттардың ұсынған бастамасы қолдау тауып, 2025 жылдың 16 шілдеcінде Президент заңға қол қойды. Осылайша, қыз алып қашуға қатысты жаңа түзетулер ресми түрде күшіне енді.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,**  
«Заң газеті»

ЖОЛДАУ – ЖОЛ БАСШЫМЫЗ

## ТАЛҚЫДА – ҚҰРЫЛЫС КОДЕКСІ

«Астана онлайн» әлеуметтік жобасы аясында «Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауын іске асыру: Құрылыс кодексі – құрылыс сапасын арттырудың заңнамалық негізі» тақырыбында ақпараттық пікірталас бағдарламасы өтті. Тікелей эфирде жаңа Құрылыс кодексінің мәні, оны әзірлеу барысы туралы халыққа кеңінен ақпарат берілді.

Бағдарламаға жоба жетекшісі, «Ұлттық құндылықтар академиясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әділхан Дүйсебек, Мәжіліс депутаты, Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі Мұрат Әбенов, Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Бақытжан Базарбек және Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің департамент директоры Руслан Лепесов, «ҚазҚСҒЗИ» АҚ бас директоры Бегман Құлбаев және Астана қалалық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдәулет Әлмұханов қатысты. Іс-шарада құрылыс саласындағы өзекті мәселелер мен заңнамалық реттеу тетіктері талқыланды.



**А.ҚҰРМАНҒАЛИ**  
АСТАНА ҚАЛАСЫ

САЛАУАТТЫ ӨМІР

## ҰЗАҚ ЖАСАУДЫҢ СЫРЫ НЕДЕ?

«Астанадағы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында қыркүйек айынан бастап күзгі сауықтыру маусымы ашылды» – деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты.

Дүйсенбі мен жұма күндері аралығында сағат: 8.00 – 11.30-ға дейінгі уақытта «Жетісу», «Жерұйық», Президенттік, Орталық және Ботаникалық саябақтарда скандинавиялық серуеннен таңғы сауықтыру жаттығулары өтеді. Орталықтың спорт нұсқаушылары демалу саябақтарында зейнеткерлердің қатысуымен сауықтыру жаттығуларын өткізуді жоспарлап отыр.

Бұл бастама қала тұрғындарының денсаулығын нығайту және спорттық белсенділікті арттыру мақсатында ұйымдастырылады. Күзгі сауықтыру жаттығуларына қатысуға ниет білдірген барлық қала зейнеткерлерінің сауатты өмір салтын ұстануына мүмкіндік мол. Жаттығуға қатысу тегін. Сауықтыру жаттығулары қыркүйек-қараша айларында кестеге сәйкес жалғасатын болады.

**С.АСҚАР**  
АСТАНА ҚАЛАСЫ

21. Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «№95 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының байқау кеңесі кәсіпорын директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды. Мекенжайы: БҚО, Орал қ., Жаңа Орда ша,19, 3 қабат, акт залы байланыс телефоны.: +7 7112 27-88-61, эл.пошта: poliklinika5zko@mail.ru

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының «№95 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік мекемесі қызметінің мәні мен мақсаты азаматтардың медициналық қызмет көрсетуге мемлекеттік қажеттілігін қанағаттандыру және денсаулық сақтау саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

#### Қалалық деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымының басшысына (директорына) қойылатын талаптар:

Аудандық немесе қалалық маңызы бар денсаулық сақтау ұйымының басшысына (директор немесе бас дәрігер): Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары білім, «Денсаулық сақтау менеджменті» («Қоғамдық денсаулық сақтау») біліктілігін арттыру (қайта дайындық) сертификаттау курсы өткені туралы күзлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік санаттарын беру туралы күзлік (немесе сертификат); немесе «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары білім, «Денсаулық сақтау»,немесе «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша оқу орнынан кейінгі білім, немесе MBA executive немесе full time дәрежесі,немесе «Бизнес, басқару және құқық» дайындық бағыты бойынша жоғары білім, «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім, немесе

MBA executive немесе full time дәрежесі, «Денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификаты, денсаулық сақтау саласында басшылық лауазымдарда кемінде 2 жыл еңбек өтілі

#### Біліуі керек:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңы; «Өрт қауіпсіздігі қағидалары бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26867 болып тіркелді)

қазіргі заманғы басқару қызметінің стратегиялық және ұйымдастырушылық аспектілері; денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлы-экономикалық және қаржылық қызметінің негіздері;

басқарудың экономикалық әдістері және ұйым қызметін талдау; медициналық қызметтер нарығының конъюктурасы; денсаулық сақтаудағы адам ресурстарын басқарудағы үздік тәжірибелер;

халық денсаулығының жай-күйін сипаттайтын статистиканы, өлшемшарттар мен көрсеткіштері;

отандық медицинаның заманауи ғылыми жетістіктері; денсаулық сақтауды басқарудағы үздік халықаралық тәжірибе;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитариялық және өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары мен нормалары; төтенше жағдайлар кезінде қызметті ұйымдастыру;

#### Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімдерде мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) конкурсқа қатысу жөніндегі өтінім;
- 2) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 3) білімі туралы құжаттардың көшірмелерін;
- 4) еңбек кітапшасының (егер бар болса) немесе еңбек шартының көшірмесі, қабылдау және еңбек шартын тоқтату туралы бұйрықтан үзінді көшірме не еңбек өтілін растайтын басқа құжат;
- 5) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/е нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің соттылығы жоқ екендігі туралы анықтама.

Құжаттарды қабылдаудың басталу күні және конкурсқа қатысуға өтінімдерді берудің соңғы мерзімі: құжаттарды қабылдау **2025 жылдың 19 қыркүйектен бастап 2025 жылдың 3 қазанға** дейін, жұмыс күндері сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін жүргізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар конкурс жариялаған Кәсіпорынға құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін хабарландыруда көрсетілген poliklinika5zko@mail.ru

электрондық мекенжайына электронды түрде құжаттарды тапсырады.

Құжаттардың түпнұсқалары әңгімелесу басталар алдында бір сағат бұрын кешіктірмей ұсынылады. Оларды ұсынбаған жағдайда ол адам әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар конкурс комиссия шешімі қабылдаған күннен кейінгі келесі жұмыс күні ішінде әңгімелесу жүргізу күні туралы хатшы хабарлайды. Хабарлама телефон бойынша, кандидаттардың электрондық поштасына және ұялы телефонына ақпарат жіберу арқылы жүзеге асырылады.

Байқау кеңесі әңгімелесуге жіберу туралы шешім қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізеді.

Әңгімелесу мынадай кезеңдерден тұрады:

- 1) Кәсіпорынды дамыту таныстырылымы;
- 2) кандидаттың құзыретін бағалау. Кәсіпорынды дамыту таныстырылымы кезінде кандидат Кәсіпорынның негізгі мәселелеріне талдауды және оларды шешу үшін ұсынылатын шешімдерді ұсынады. Құзыреттілікті бағалау кезінде негізгі нормативтік құқықтық актілер, денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бағдарламалар, денсаулық сақтау саласының өзекті мәселелері және оларды шешу бойынша қабылданатын шаралар туралы білім деңгейі айқындалады.

Конкурсты өткізу күні: құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде – **2025ж. 6 қазан, 16.00 сағат.**

Хабарландыру телефон арқылы, қатысушылардың электрондық мекенжайлары мен ұялы телефондарына ақпарат жіберу арқылы жүзеге асырылады.

Конкурстың өтетін орны: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Жаңа Орда шағын ауданы, 19, 3-қабат, акт залы.

## ӘРТУРЛІ

3. «Eurasia Energy Development» ЖШС (БСН 240840039607) қатысушының шешіміне байланысты жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласы, Қонаев көшесі, 29, вп 25 мекенжайы бойынша қабылданады.

6. «Али аминат холдинг» ЖШС (БСН 111040019144) өзінің жарғылық капиталын 58 000 000,00 (елу сегіз миллион) теңге мөлшеріне дейін төмендететіні туралы мәлімдейді. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде төмендегі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Қаратаев көшесі, 38А-үй, 43-пәтер. Тел. +7 701 711 4545.

13. «MARDUK» ЖШС (БСН 241240026567) өзінің «SNP Company» ЖШС-мен (БСН 241140027918) біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Мыңбаев көшесі, 53-үй. Тел. +7 707 575 85 88.

14. «SNP Company» ЖШС (БСН 241140027918) өзінің «MARDUK» ЖШС-мен (БСН 241240026567) біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Байзақов көшесі, 125-ғимарат, тел. +7707 575 8588.

15. «Baqa Service» ЖШС (БСН 250640033246) жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Сайна көшесі, 30, «БНС» бизнес орталығы, 202/1 кеңсе. Тел.: 8 701 999 32 77.

23. «Аксу-Энерго» ЖШС (БСН 010740008329) өзінің жарғылық капиталы 728 628 003 (жетіжүз жиырма сегіз миллион алтыжүз жиырма сегіз мың үш) теңгеге төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Қазыбек би көшесі, 205 ғимарат, 102 кеңсе.

24. «Стройпромсервис» ЖШС (БСН 031240016576) өзінің жарғылық капиталы 75 167 778,29 (жетпіс бес миллион жүз алпыс жеті мың жетіжүз жетпіс сегіз) теңге 28 тиынға төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Қазыбек би көшесі, 205 ғимарат, 102 кеңсе.

## ТАРАТУ

7. «Любимов бастауыш мектебі» КММ «Тайынша ауданының білім бөлімі» КММ «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім бөлімі» КММ өзінің таратылғаны хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Тайынша ауданы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституция көшесі, 197 ӘМҚМ «Тайынша ауданының білім бөлімі» КММ, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы», тел. 8 (715 36)2-12-59.

«Бахмұт бастауыш мектебі» КММ, «Тайынша ауданының білім бөлімі» КММ, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім бөлімі» КММ таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Тайынша ауданы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституция көшесі, 197 ӘМҚМ «Тайынша ауданының білім бөлімі» КММ, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы», тел. 8 (715 36)2-12-59.

«Агроном бастауыш мектебі» КММ «Тайынша ауданының білім бөлімі» КММ «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім бөлімі» КММ өзінің таратылғаны хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Тайынша ауданы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституция көшесі, 197 ӘМҚМ «Тайынша ауданының білім бөлімі» КММ, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы», тел. 8 (715 36)2-12-59.

8. «Төрт құбыла» ЖШС (БСН 220940032263) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Байзақов көшесі, 312-үй, 53-пәтер.

9. «Сервистік компания «Нұр 1» ЖШС (БСН 230340023165) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Мажит Жүнісов көшесі,35-ғимарат.

10. «Боровское ПАТП» ЖШС (БСН 051140006549) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 021700, ҚР, Ақмола облысы, Бұрабай ауданы, Щучинск қаласы, Қанай би көшесі, 33-үй. Тел. 8 705 320 87 93, 8 701 318 09 68, e-mail: borovskoyepatp@mail.ru.

11. «АРКАДА ИНДАСТРИ» ЖШС (БСН 000740001716) (020200, Аршалы ауданы, Аршалы кенті, Бірлік көшесі, 4 құрылыс), «АРКАДА ИНДАСТРИ» ЖШС Аршалы филиалының өз еркімен таратылғандығы туралы хабарлайды, (БСН 041141011003) Аршалы кенті, Бірлік көшесі, 4 құрылыс. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде ҚР, 020200, Аршалы ауданы, Аршалы кенті, Бірлік көшесі, 4 құрылыс мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. +7 7212 99 60 20.

12. Шиелі ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 11 қыркүйектегі №233 қаулысымен Шиелі кенті әкімі аппаратының «Шиелі қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, (БСН 231040020717) өзінің таратылғаны хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Ы.Жақаев көшесі, №8 ғимарат бойынша қабылданады. Тел. 8 (724 32) 4 23 86.

16. Қарағанды облысы білім басқармасының Нұра ауданы білім бөлімінің «Жаңа-Құрылыс бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 020440007222) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-тілектер осы хабарлама жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Жаңақұрылыс ауылы, Ынтымақ көшесі, 30 ғимарат.

17. «НУРЖАН и Ком» ЖШС-і (БСН 180440027972) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекен-

жайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы, Ысқақов Көшербай көшесі, 11-үй , 8-пәтер, индекс 160900.

18. «Sunkar online avtoshkola» ЖШС-і (БСН 220940013138) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Қабланбек ауылдық округі, Қабыланбек ауылы, И.Тыщенко көшесі, 12-үй, индекс 160900.

19. «Аяулым 2020» ЖШС-і (БСН 190940017559) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Құркелес ауылдық округі, Еңкес ауылы, Абай көшесі, 5-үй, индекс 160931.

20. «Мырзалы-Харсан» ЖШС-і (БСН 170440016569) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Қабланбек ауылдық округі, Сіргелі ауылы, Керегетас көшесі, 1-үй, индекс 160916.

22. «Content Service (Контент Сервис)» ЖШС (БСН 191140020037) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Төле би көшесі 101, қабат 3 блок (А), тел.: +77055303080.

## БАНКРОТТЫҚ

25. Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 10 қыркүйектегі ұйғарымымен «Юпитер плюс» ЖШС-не (БСН 190440010692) банкроттық туралы іс бойынша өндіріс қозғалды.

## МҰРАГЕРЛІК

2. 2025 жылы 1 сәуірде қайтыс болған Сугурбаев Исатай Базарбайұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №9 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

4. 2025 жылы 18 наурызда қайтыс болған Арипова Нушираның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус А.П.Саржановаға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент ауылы, Қожанов көшесі, 4/7. Тел. 8 775 445 06 75.

5. 2025 жылдың 17 қаңтарында Аухади Жумаштың қайтыс болуына байланысты артынан мұрагерлік ісі ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер төмендегі мекенжай бойынша: Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген Батыр ауылы, Титов көшесі, №41Б ғимарат, №210-211 кабинет, нотариус Е.Б.Бекқожаевқа хабарлассын. Тел. 8 707 162 4991, 8 778 162 4993.

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page.kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency.kz»  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,  
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.  
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509  
E-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.  
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.  
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 53, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а,ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 8772256506.

**БАЙҚАУҒА**

Өң мен түс арасындағы бір сәт... О,тоба! Қызығын-ай... Пәуескесі несі?! Иә, иә, қоңыраулатқан пәуескеге мініп келеді екен. Апыр-ау, мынау Айша ғой, қолынан тарта ма, пәуескеге мінгіз дегені шығар... Жаңбыр жауып кетті ме, немене?! Ол бетін сұртпекке қолын көтере бере оянып кетті. Сөйтсе, бетіне су бүркіп тұрған әйелі Айша екен. Әдеттегідей қалжыңын күлкімен көмкерген:

– Ау, Мэгре мырза! Оқуға кететін болдым деп едің, соның әсері ме, ұйықтап жатып сөйлегенің не? Біреулер еске түсіп жатыр ма, а? Ал енді мені тыңда... Сірә, оқуың кейінге қалар, қалтафонға да, қалалық телефонға да маза болмай кетті ғой. Шырылдап жатыр, шырылдап жатыр... Тұр! Тамағың дайын.

Полиция полковнигі Абылай Қайсенов жуынуға бет алғанда санасында «Бір аптадан бері шулатып жатқан дәрігерлерге қатысты істі маған бермесе болар еді» деген ой қылаң берген болатын, бірақ, сол сәтте бұл болжамының шындыққа айналарын білмеген еді. Облыстық полиция департаментінің бастығы мен оның тергеу жөніндегі орынбасары мұның «Менен де басқа важняктар бар ғой» деген уәжіне мән де берген жоқ, бастығы оң қолының сұқ саусағын шошайта жоғары көтеріп: «Бұл ана жақтың контролінде тұр. Оқуға кейін де үлгересің», – деп әңгімені шорт кесті.

Иә, аймаққа ғана емес, республикаға белгілі кәсіпкердің мезгілсіз қаза болуы туралы ел сансаққа жүгіртіп, түрлі әңгіме, электр сымдарына, пойыздар мен ұшақтарға, жел қуған бұлттарға ілесе кеткендей, бір облыстан екіншісіне тарап жатыр еді.

\*\*\*

Өткен жылы ғана алпысқа толғанып атап өткен Әмірхан Шерханұлының кенеттен қайтыс болуын жұрт түрліше қабылдады, туған-туыстары, балалары қайғыдан бас көтере алмай қалды. Жамағайын «Алланың ісіне не шара» деп болуы тиіс жұмыстай көрсө, көбісі оның жүрегі ауыратынын білетіндіктен «Жеткен жері осы да» десті. Ал, енді біреулер «Қалай байыды дейсің, кешегі кеңес үкіметінің байлығын басып қалғанның бірі шығар, ішін тесіп шыққан ғой» десті. Алайда, қамыс басы желге ыға үлдей сарнап тұрған қара күздегі жерлеу рәсімінде бәрі де: «Жақсы адам еді», «Алдыннан жарылқасын», «Иманды болсын» десіп жатты.

Бүкіл әңгіме марқұмды жерлеген күні кешке басталды. Оның барлық қағаздарын, құжаттарды, әйелі, бала-шағасы, жақын туыстарының қатысуымен реттеу басталды. Киімдерінің қалталары да тексерілді. Осы кезде Алматыдан Бауырының қазасына келген кардиолог-дәрігер Жарасханның көзі жұрт барсетка атап кеткен қол сумкасынан шыққан бір жапырақ қағазға түсті де, оны қарай бастады. Бұл – дәрігер тағайындаған ем-дом еді. Оны оқи отырып бұл орнынан ұшып тұрды.

– Мұнысы несі? Жынды ма? Мынау деген... Мынау деген... Өлімге итеру ғой... Бұлай болмайды ғой... Кім деген дәрігер өзі...

Сол сәтте ақ ол туыстарына ағасына берілген рецептін күдікті екенін, мұнда жүрек-қан тамырлары ауруына мүлде қолдануға болмайтын дәрілер жазылғанын түсіндірді. Ертеңіне марқұмның әйелі мен балалары қалалық ішкі істер басқармасына, прокуратураға арыз түсіріп, іс қозғалған болатын. Бұдан хабардар болған марқұммен жақын аралас-құраласы бар биліктегілер де Ішкі істер министрлігі мен Бас прокуратураның мазасын ала бастады.

\*\*\*

Аса маңызды істер жөніндегі тергеуші Абылай Қайсеновтің іспен танысқанына үш күн өтті. Оның барлығын толық зерттеп, біліп алмай іске қатыстылармен кездеспейтінін білсе де бастықтар кезек-кезек күніне екі-үш рет телефон соғып қояды. Барлығының айтатыны: «Іс не болып жатты? Сдвиг бар ма? Жоғарыдағылар басты ауыртып жатыр».

Ол ой үстінде. «Жалпы барлығы дұрыс сияқты. Істі бастап жүргізген тергеушінің тиянақтылығы байқалады. Куә ретінде сұралғандар жауабы да, іске қатысты алынған анықтама, мінездемелер де мұқияттылықты аңғартады. Сонда қай жерден қателесіп тұрмыз. Неге дәрігердің рецепті дұрыс болмай тұр? Егер дәрігер қателесіп кетті делік, онда бұл немқұрайдылық па, ал, егер әдейі жасалса ше? Мұны қалай ажыратамыз? Бірақ қол қойылып, мөр басылған рецепт – құжат қой. Сонда қасақана қылмыс жасалып тұр ма? Дәрігер болса «Қол мен мөр менікі болғанымен, бұлай жазуым мүмкін емес, өйткені мұндай комбинацияны дені дұрыс дәрігер ешқашан бермейді. Ал, әзірге менің есім орнында» дегеннен қайтпай отыр екен. Бұрынғы тергеуші дәрігерді қамаққа алыпты. Ал, дәрігер өзі айтқандай ол кінасіз болса ше? Бұл жерде бір кілтіпан болып тұр ғой... Шытырман қиырына тартып кетпесек болар еді...»

Кабинетке шақырылған қамақтағы кардиолог Гүлмира Асанованың түрі кетіп қалыпты. Әйелі Айшаның да дәрігер екені бір сәт есіне түсіп кеткен Абылай санасында түрлі ойлар сапырылысып жүре берді. «Балаларына обал болды-ау. Қазір не күйде екен олар...» деген ойды «Қызметіне адал болмай


ма. Сонда бәле де жоқ еді» деген ой бастырмалата жөнелсе, іле-шала оны ығыстыра «Түрі қылмыскер баратын адам емес сияқты. Бәлкім, бұл жерде біз білмейтін бір құпия жатқан болар» деген ой бой көрсетті. Ой жетегінде біраз отырып қалса керек, күдіктінің жөткірінгені тез қалыпқа келтірді.

– Сіз Әмірхан Шерханұлыны қай кезден бері та-нисыз?

– Менде емделіп жүргеніне алты-жеті жылдай болды. Демек содан бері...

– Ол туралы, науқасы туралы не айтар едіңіз?

– Не айтамын? Бүкіл елге белгілі кәсіпкер екенін, Совет заманында қызметте тез өсіп, үлкен ПМК-ның бастығы болыпты дегенді естігенмін. Жақын араласқан адам емеспін, ол мен үшін тек пациент



**РЕЦЕПТ**

қана. Бойында біраз науқастың ізі бар, повышенный давление, гипертоник, мұнымен де есепте тұр, бауыры да ауырады, ал, жүрегі ауырғанына біраз жыл болған. Астанада кардио центреде коронарография жасатқан. Өзін үнемі күтімде ұстайтын. Тек соңғы бір айда қайта-қайта қан қысымы көтеріліп, жүрегі де сыр беріп жүрген болатын.

– Бұрын да жігіттер сұраған болар, мына рецепт туралы не айтасыз?

– Сол бұрынғы айтқаным – айтқан. Қағаз, қойылған қол, мөр менікі болғанымен, менің бұлай назначение беруім мүмкін емес. Мұндай менде мүлде болған емес. Себебі – рецепте көрсетілген алты дәрінің үшеуі, әсіресе дихлофинакты күніне екі реттен бір апта алу дегенің бірден ондай науқастарды өлімге айдайды. Венадан жіберілетін диклофинакты күніне бір рет үш күнге ғана береміз. Одан көп болса жүрегі ауырмайтын адамдардың өзін бірте-бірте науқас қылып шығарады. Ана екі таблетка да бірте-бірте жүрек қызметін нашарлататын дәрілер. Ал, менің бұлай рецепт беруім мүмкін емес.

– Бәлкім біреулер сіздің жеке мөріңізді пайдаланған шығар?

– Оны да айта алмаймын. Мөр кабинеттегі темір жәшікке сақталады. Кілті менде... Айтпақшы... медбике Бақтыгүлде де бір кілт бар...

– Ол қандай жан? Бұл соның ісі емес пе?

– Оны айта алмаймын...

– Науқастың туыстары сізді қылмыскер деп отыр. Айтыңызшы, соңғы күндері күдікті жағдай байқамадыңыз ба? Медбике, санитаркаларға қатысты болса да оғаштық, бұрынғыдан өзгешелік байқалмады ма?

– Ондай жәйтті байқамаппын... Тоқтап тұрыңыз... Тоқтап тұрыңыз... Иә, иә... Бақтыгүл соңғы кезде мазасыздау көрінді маған... Бұрын іштарта қарап, менің ойымнан шығуға тырысатын. Соңғы оншақты күн менен қашақтайтын сияқты, кейде түрі мен жанарынан бір бөлшекшелікті сезгендей болдым. Бірақ, ол мұндай іске бара қоймас... – Оның сізге таза рецепт қағазына қол қойдырып алуы мүмкін бе?

– Ол мүмкін емес... Мен таза қағазға ешқашан қол қойған емеспін...

– Сізге дұшпандық ойлаушылар бар ма емханада?

– Оны білмеймін.

– Достарыңыз кімдер?

– Жұмыс орнындағылармен әріптес ретінде сыйласпын. Жақын достар басқа салада, мұнда қатысы жоқ.

Оны камераға қайтарған Абылай тағы да ойға шомды. «Жігіттер маған дейін де жаман жұмыс жасампапты. Жедел жардем берген өлімнің неден болғаны туралы анықтама, дәрігер кабинетіне қарау нәтижесі, марқұмның құжаттарының тізбесі – бәрі де іске тігілген. Бәрінен бұрын марқұмның екі телефонын да сараптамаға жібергендері қандай оңды болған. Әлде эксгумация жасау керек пе, мәйітті ашып қарағанда не ұтамыз? Ештеме де ұтпасымыз анық... Әлгі кардиолог ештеме айтып қарық қылмады-ау. Бір ілік таппай тұрғанымыз, рецептен басқа. Жоқ, жо-жоқ, оның Бақтыгүл туралы айтқаны ше? Оны тереңірек тексеру керек шығар... Бұған тағы кімнің қатысы бар екен? Бақтыгүл Мыңбаева қылмыскер ме? Ол қылмыскер

болса бұған не үшін барды? Мотив қайда? Бәлкім, қылмыскер басқа болар... Мыңбаевамен кездесуді кейінге қалдырған дұрыс болар. Өйткені, оның кісі өліміне қатысы болса, тергеуге шақырмай жатқан себебін ойлаймын деп-ақ аяғын шалыс басы мүмкін. Иә, иә... солай жасаған дұрыс болар. Іспен танысқан бойда-ақ рецептіні сараптамаға жіберген еді, қорытындысы қашан келер екен? Неге жігіттер рецепті әу баста сараптамаға жібермеді екен? Алайда, дәрігердің өзі «Мөр де, қойылған қол да менікі» дегесін қажет деп таппаған болар. Мұны да түсінуге болады... Ал, егер сараптама қолтаңба мен мөрдің түпнұсқа екенін көрсетсе, оның жағдайы қындайтын болды-ау. Өзі жалған сөйлейтін адамға ұқсамайды... Бірақ, кім білген,



жұрттың бәрі әртіс болып кеткен заман боп тұр ғой бүгінде... Марқұмның отбасы мүшелерімен сөйлесіп көрейін, бәлкім, ол жақтан ізге түсер бір-деме табылар».

\*\*\*

Абылайдың марқұмның отбасына баруы тергеу бағытын басқа жаққа бұратындай сыңай танытты. Әмірхан Шерханұлының бұл аймақта ғана емес, еліміздің басқа қалаларындағы бірнеше үлкен құрылыс компанияларына үлескер екенін білген соң, ол бірден ресмилікке көшіп, марқұмның балалары мен әйелінің қолына келу уақыты көрсетілген шақыртуды ұстатты.

...Бұл бағытта жүргізілген зерттеу, іздестіру жұмыстары марқұмның үлескерлермен арасында бірнеше рет келіспеушіліктер болғанын анықтады. Компаниялар құжаттарын тексеру тергеушіге қарсылық көрсетушілер санын көбейте түсті. Бұған жаны ашығансып «Болмайтын іске басыңды ауыртып қайтесің, бәлкім, ол жақтан ізге түсер бір-деме табылар».

Бұл жәйт Абылайдың күдігін молайта түсті. «Апырай, марқұмның өліміне кәсіпке қатысты жағдайлардың ықпалы болды ма екен?» Ол марқұмның баласын түске дейін, әйелін түстен кейінге шақыртқан еді. Тергеу кезінде марқұмның ұлы Ерханның айтқан әңгімесі оның есінен шығар емес. «Әкемнің бизнесін қызғандушылар аз емес. Тіпті, ағайын-туыстардың ішінде де бар. Ал, әкемнің компанияндары қолдарынан келсе – жойып жіберуге бар. Тіпті біреуі әкеме көптен «Үлесіңді сат», – деп жүрген. Олармен телефонмен сөйлескен сайын әкемнің мазасы кетіп, дауысы көтеріліп, ауырып қалатын-ды... Солар-ақ әбден жүйкесін жұқартып, ауруға душар етті». Бұл да өлімге кәсіпкерлік даулары ықпал етті ме деген болжамды нығайта түскендей болды.

Тергеу барысын өзіне ғана мәлім сызбаға түсіріп отыру Абылайдың алғаш тергеушілік қызметке келгеннен бергі дағдысы еді. Мұны бұл қызметке келгенде ақылшы болған, үш айдан соң отставкаға шығып кеткен полковник Ғалымжан Жарымбетов үйреткен болатын. Сызбаларына көз сала отырып ол тергеудің екі бағытқа бөлінгенін, қай бағыт болмасын ешқандай күдікті жәйттің назардан тыс қалмауы керектігін түсінді.

Марқұмның әйелі Сарамен арадағы әңгіме тергеушінің онсыз да ойлар құрсауында жүрген санасына тағы бір салмақ салғандай болды.

– Күйеуіңіздің жаулары болды ма?

– Ол жағын білмеймін. Мені жұмысына араластырмайтын...

– Ұлыңыз Ерхан: «Әкемнің компанияндары қысым жасады. Үлесін сатуға көндірмек болғандар да бар. Олармен телефонмен сөйлескен сайын әкем ауырып қалатын», – дейді. Бұған не айтасыз?

– Кім екендерін білмеймін, бірақ кейде біреулермен айқайлаусып жататын.

– Кардиолог Гүлмира Асанова туралы не айтасыз?

– Ештеме айта алмаймын. Күйеуім «Мықты, білікті дәрігер» деп мақтайтын. Соңғы жеті жылдай соған ғана емделетін.

– Оның қаскөйлікке баруы мүмкін бе?

– Ол жағын айта алмаймын. Біз тек дәрігер қай-ным айтқасын барып рецептін қате екенін білдік.

Сосын арыздандық. Алдында жүрегі ұстап қалған ғой деп отырғанбыз.

– Соңғы рет күйеуіңіздің телефонмен болса да біреумен керісіп, айқайласқанын естіттіңіз бе?

– Қайтыс болатын күні түске дейін малшымен қатты айқайласқан.

– Малшысы кім? Аты-жөні бар адам ба?

– Е... Ол... былай ғой. Күйеуімнің қаладан елу шақырымдай жерде үлкен шаруашылығы бар. Кезінде, совет заманында күйеуімнің мекемесі Атырау мұнайшыларына арналған үлкен құрылыстар жүргізген, сөйтіп жатқанда үкімет тарап кетті де олар бұларға ақша тауып бере алмай, бартер ретінде бір состав солярка жіберген еді. Ал, мындағы егіс колхоздары жағармай таппай қиналып жатты да, күйеуім әлгі солярканы соларға берді, күзде бидай алатын болып келісіп. Не керек ақыр соңында әлгі колхоздар бұған қарыз болып қалды. Егістен түскені диқандардың айлық жалақысына кетеді де, олар амалсыздан бір колхозды бұған жекешелендіріп береді.

– Күйеуіңіз өз жұмысшыларының жалақысын қалай төледі?

– Ол кезде солярка тіпті арзан еді ғой. Күйеуім оны қалаға жақын аудан орталығындағы мұнай базасында сақтады, ондағылармен ұн арқылы есептесті. Содан екі жылдан соң солярканың бағасы шарықтап кетті, міне, сол кезде ол барлық қарыздарынан құтылды.

– Мана күйеуім жұмысына араластырмайды деп едіңіз. Мына әңгімеңіз басқаша ғой...

– Е... Ол алғашқы кез ғой, оның енді ғана бизнеске араласып жүрген кезі. Барлығын маған айтып отыратын. Солярка қымбаттағанда ол қатты қуанып: «Сарочка, құдай бізге бақ берді ғой... Бұл басқа қонған бақ қой», – деп шаттанғаны әлі есімде...

– Иә, айта беріңіз...Сосын...

– Күйеуім ол колхозды тек егін бағытындағы ғана емес, мал өсіру бағытындағы шаруашылыққа айналдырды. Балаларда есебі бар, жеті жүздей жылқы, бес жүздей түйе, бес жүздей сиыр, үш мыңдай қой болуы керек. Түйе, жылқыға ағайынды екі отбасы, сиыр мен қойға ағайынды үш отбасы қарайды. Біз олардан қымзыз, шұбат, айран не құрт, ірімшік талап етпейміз. Тек мал басы өссе болды бізге. Содан ба, малшылар күйленіп, қаладан бір-бір үй салып алды зәңкітіп, соңғы кезде тіпті «Кетіп қаламыз», – деп қорқытуға шықты. Күйеуім ауық-ауық «Мал баққаннан, малшы баққан қиын болды-ау», – деп отыратын... Солардың үлкені Омар ғой біздікімен айқайласып жүрген. Он күндік уолының соңғысын алып болған кезі еді... Телефонмен үлкен айқай болған...

– Не себеп екенін білмейсіз бе?

– Білмеймін... Бірақ, ол біраз сиырды жоқ қылса керек... Соның айқайы шығар. Біздікі «Ойбай-ау, мына шіркі, күні кеше ағалап жалынып жүрген мал-ласөл... Сиыр емес, керек болса өзіңді де құртып жіберемін» дейді ғой маған» – деп күйіген сол құлар күні.

– Им... Өзіңді де құртам деп пе?

– Иә...

– Күйеуіңіз уколды қайдан алатын, процедура-лық кабинеттерден бе?

– Жо-ға, үш медсестра бар, солардың қолы босы үйге келіп салып кетеді.

– Олардың телефондарын, мекенжайларын жазып берсеңіз дұрыс болар еді.

Сараны қайтарып жібергесін тергеуші тағы да әңгімені іштей бір қорытып шықты. «Мына жақтан тағы бір әңгіме шықты ғой... Ертең оперларды жіберу керек екен оларға. Мұқият тексерсін. Сара айтқан үш медбикені өзім осында шақыртқаным жөн. Марқұмның әйелін тергеудің хаттамасын тағы бір қарап шығайын. Байқамай қалған нәрсем болуы әбден мүмкін ғой... Малшыларға қатысты балаларына, әйеліне арыз жаздырып алған дұрыс болар... Ал... қылмыскер кім болды енді? Дәрігер ме, медбике ме, кәсіпкерлердің бірінің ісі ме, әлде малшылардан келген бәле ме? Қай бағытпен жүргенде нақты нәтиже берер екен... Жуық арада сараптамалар қорытындысы да, Астанадағы үлескерлерге қатысты жігіттер жүргізген жұмыстардың да нәтижесі келіп қалар... Онсыз қимылдай алма-сымыз анық».

\*\*\*

Абылай жұмысқа ерте келді, ондағысы – медбике Бақтыгүл Мыңбаевамен кездесуге алдын ала дайындық жасау еді. «Иә, ойланбаса болмайды, қолында нақты ұстап тұрған ешнәрсе жоқ – не деп кінә тағасын. Біреудің, заң тілімен айтқанда жалғыз күдіктінің «Секем алдым» – дегені ме? Сол да сөз боп па, дәйегі жоқ, дерегі жоқ құр сөз ғана... Байқау керек. Ол тіпті, жала жапты деп шағымдануы да мүмкін. Сонда не істейсін... Ойлан Мэгре, ойлан... Мэгре?! Ойына қайдан түсті, құрғыр, студент кездерінде Айшаға комиссар Мэгре туралы көбірек айтамын деп ол мұны қалжыңдап Мэгре атандырып жіберген. Енді соны өзінің қайталап тұрғанын қара».

Ол іштей мырс етіп, жымиып қойды да іске кірісті. Аздан соң ол кейбір керек емес деген сұрақтарын сыза отырып, нақты мақсатқа негізделген сұрақтар тізбесін жасады.

**Алдаржар ӘБІЛОВ**

*(Жалғасы бар)*

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**  
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:

«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

**Астана** Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.  
**Алматы облысы** Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.  
**Ақтөбе облысы** Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.  
**Атырау облысы** Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.  
**Маңғыстау облысы** Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.  
**Қызылорда облысы** Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.  
**Түркістан облысы** Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.  
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665  
**Батыс Қазақстан облысы** Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

**E-mail: zanreklama@zangazet.kz**

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 5990 дана**  
**Апталық таралым 11980 дана**

Тапсырыс №139 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігін байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31